

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№42-43
(20316-20317)



22 наурыз, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА ЖЫЛ. ЖАҢА ЕЛ. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Наурыз мерекесімен құттықтады.

Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген Президент «Астана» алаңында өтіп жатқан мерекелік шараға арнайы барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, Наурыздың ежелден жақсылық пен жасампаздықты дәріптейтін мереке екенін атап өтті.

— Өз Наурыз — береке-бірліктің, шынайы жанашырлықтың және өзара қамқорлықтың мейрамы. Мен бүгін Ұлыс күнін өздеріңізбен бірге қарсы алу үшін Алматы қаласына арнайы келдім. Алматы — Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі. Халқымызға қайта оралған Ұлыс тойын мерекелеу осы кәсірлі мекеннен басталған. Алматы — Қазақ елінің рухани, мәдени және іскерлік орталығы, — деді Мемлекет басшысы.

Президент зиялы қауымның және өнер, білім, ғылым, бизнес салалары өкілдерінің Алматы шаһарында шоғырланғанына тоқталып, қаңтар оқиғасы кезінде қала тұрғындарының зор қауіп-қатерге төтеп бергеніне ерекше мән берді.

— Сын сағатта тұрғындар нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетті. Біз ауызбіршіліктің арқасында мемлекетімізді сақтап қалдық. Мен шаһарды қалпына келтіру үшін қуырлы органдарға нақты тапсырмалар бердім. Алматыны өркендету және жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту менің айрықша назарымда. Қазір біздің алдымызда зор міндеттер мен ауқымды жұмыстар тұр. Оны жүзеге асыруға алматылықтар барынша атсалысады деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы дамудың жаңа кезеңіне кадам басқанымызға тоқталып, өзінің халыққа Жолдауында айтылған көлемді реформалар елімізді түбегейлі жаңғыртуға бағытталғанын атап өтті.

Президент бүгінгі мерекелік күннің жаңа өзгерістерге бастауына, тұғыры мығым, бірлігі бекем еліміздің жасай беруге тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінен кейін жиналған жұртшылықпен бірге мерекелік концертті тамашалады.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі сырбойылықтар!

Күн менен түн тенеліп, Жер-Ана жаңа күйге еніп, тіршілік атаулы оянып, айнала мөре-сәре болатын Ұлыстың Ұлы күні — жыл бастауы эз Наурыз баршаңызға құтты болсын!

Ежелден барша түркі жұртына және Шығыс халқына ортақ бесмыңжылдық тарихы бар Наурыз мейрамы — береке мен бірліктің, молшылық пен тоқшылықтың мерекесі.

Бұл күнге де аман-есен жеттік деп қуанған халық бір-бірімен қуана көрісіп, өкпе-ренішті ұмытып, бір қазаннан Наурызқоже ішіп, тойлаптан.

Бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызып, егін салды. Қыстан қысылып шыққан ағайынға дем беріп, қайырымдылық көрсетті.

Бүгінгі күні де осы дәстүрлеріміз ұмытылмай, керісінше, қайта жаңғырып, жанданып келеді.

Ел өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген осы жылдан бастап тәуелсіз Қазақстан дамудың жаңа жолына түсті. Наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» Жолдауын арнауы еліміздің жаңа тарихи кезеңнің төл жаңа жылымыздан басталғанын көрсетті. Осылайша, Наурыз мейрамы тәуелсіз Қазақстаннымыздың жаңғыруымен сабақтасып жатқандай.

Қазіргі таңда Наурыз мейрамын тойлаудың басты мақсаты — қоғамды біріктіру, қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен мәдени ерекшелігін сақтау және насихаттау үшін жағдайлар жасау. Ол — жаңару идеясына негізделген, үлкен идеологиялық әлеуетке ие мереке ретінде отбасы мен қоғамды біріктіретін құндылықтарды нығайтуға бағытталған.

Ардақты ағайын!

Екі жылдан бері әлемді жаулаған пандемия салдарынан Наурыз мейрамын кең ауқымда атай алмай келдік. Биыл енді індеттің беті қайтып, біріміз емен-жарқын тойлауға мүмкіндік алдық.

Ұлыстың Ұлы күні — эз Наурыз елімізге тыныштық, жерімізге молшылық, әрбір отбасына бақ-береке, ырыс-құт әкелсін деп тілеймін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Наурыз құтты болсын!

Құрметпен,
облыс әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА

Жер әлемге шуақтыңды шаш, Наурыз!

Жер әлемге нұрын шашып тағы бір көктем келді, Наурыз келді! Қазақ ежелден Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында «қараңғының жарыққа, ызғардың жылыға, қараның аққа, сордың баққа, кесірдің қиғе, жоқтың барға ауысатын кезі келді» деп қуанған.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Наурыз — діни мереке емес, қыстан аман шыққанына, аяқ-басы кеңігеніне, тіршілігіне жаңа бояу қосылғанына қуанған халықтың үрдісі. Қауышқан жандардың бір-біріне игі тілектерін арнайтын, өткенге салауат айтатын, ертеңге үміт жалғайтын кезі.

5-бет

● АКТИВ

Жолдау жүгі hәм жауапкершілік

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айқындалған міндеттерді талқылауға арналған актив жиыны өтті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен актив отырысына қала әкімі, басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, ардагерлер, зиялы қауым және қоғамдық ұйым мен БАҚ өкілдері қатысты. Аудан әкімдері онлайн байланыс арқылы қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жиынды ашқан аймақ басшысы бұл Жолдаудың мән-маңызы айрықша, арқалайтын жүгі салмақты, мазмұны бөлек екеніне тоқталды. Алдағы уақытта жүзеге асырылатын саяси реформалардың жаңа бағдарламасы мен әлеуметтік экономикалық бағытта атқарылатын іс-шаралар, ішкі-сыртқы саясат, қауіпсіздік мәселелері айқындалғанын айтты.

— Мемлекет басшысы саяси реформалардың он бағытын нақтылап берді. Бірінші — Президенттің өкілеттілігі туралы. Мемлекет басшысы суперпрезиденттік басқару

институционалды құрылымды нығайта отырып, Президенттің өкілеттілігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің ролі айтарлықтай артатын болады. Сол арқылы мемлекетіміздің

институционалды құрылымды нығайта отырып, Президенттің өкілеттілігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің ролі айтарлықтай артатын болады. Сол арқылы мемлекетіміздің

2-бет

Президент тапсырмасы аясында «Балалар жылында» Қызылорда қаласындағы үздік білім беру ұйымы атанған Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде жаңа обсерваториялық орталық пен балалар киностудиясы ашылды. Өткен жылы облыс әкімінің сыйақысы ретінде 34 миллион теңгенің сертификатын иеленген білім ошағы енді балалар астрономия іліміне еніп, мектеп студиясы арқылы журналистикаға бет бұра алады.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Ғылымға құштарлық — лайықты таңдау



2-бет

Жолдау жүті нәм жауапкершілік

— Жолдауда сондай-ақ, Президент Парламенттің рөлін көтеру, партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту, сайлау процесі бойынша нақты тапсырмаларды міндеттеді. Біздің аймақта биыл 22 ауылдық округ әкімінің сайлау науқаны ұйымдастырылады. Оның ішінде 27-наурызда 3 ауылдық округ әкімі сайланады. Президент алдағы уақытта елімізде жаңадан 3 облыстың құрылатынын айтты. Жолымыз түйсетін Жезқазған қаласы енді Ұлытау облысының орталығы болса, Сыр өңіріне де экономикалық жағынан оңтайлы болады деп санаймын. Осы ретте келесі айда басталатын «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының құрылысы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біздің алдымызда өңіріміздің дамуы үшін дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шараларды шешудің тиімді тетіктерін қарастырып, жүзеге асыру міндеті тұр. Оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен көктемгі егін егу жұмыстарын жүйелі жүргізуіміз қажет, — деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Облыс әкімі жиын барысында орынбасары Бахыт Жахановқа азық-түлік тауарлары бағасының шарықтауына, оның ішінде қант бағасының спекулятивті өсуіне байланысты барлық делдалдық схема аясында тексеру жүргізуді жүктеді. Сондай-ақ, көктемгі дала жұмыстары мен егін егуге қатысатын ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, қажетті тұқыммен, минералды тыңайтқыштармен, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, су алу науқанына дейін су тартатын насос қондырғыларын алу жұмыстарын пысықтауды тапсырды.

Тағы бір міндет — БАҚ әлеуетін көтеру. Өңір басшысы осы салаға жетекшілік ететін орынбасары Қайрат Нұртайға журналистер арқылы өңір тарапынан салалық министрлікке БАҚ туралы Заңға өзгеріс енгізуге ұсыныс жолдауды тапсырды. Сондай-ақ, облыстағы азаматтық қоғамды дамыту үшін жүйелі және кешенді жұмыс жоспарын әзірлеп, мемлекеттік этносаясатты жетілдіру мақсатында қоғамдық құрылымдардың қызметін өзектендіруді жүктеді.

Жиында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқаламов жергілікті мәслихаттардың рөлін күшейту, қоғам ішінде саяси мәдениеттің қалыптасуына негіз болатын сарапшылық көзқарастағы азаматтармен бірлескен шараларды іске асырудың өзекті екеніне тоқталды.

— Заң шығару құқығы тек Мәжілісте болуы, халықтың заң шығару процесіне қатысуын күшейтеді. Жолдауда азаматтардың билік өкілдеріне деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән беру қажеттігі көрсетілді. Мәслихаттардың өңірлік рөлін арттыруда мәслихат төрағасы лауазымын енгізуді ұсынды. Облыс және республикалық маңызы бар қала әкіміне кем дегенде екі кандидатураны баламалы заңдық негізде ұсынуды ортаға салды. Бұл бір жағынан әкімді таңдауда халық пікірінің ескерілуін жүзеге асырады. Сайлау үрдісіне пропорционалды және мажоритарлы жүйені енгізілуі саяси аренада бәсекелестіктің дамуына жаңаша мүмкіндік беріп, жаңа саяси ойыншылардың аренаға шығуына ыңғайлы болады. Сайлауды үзделерін орындамаған үшін мандатты кері қайтару процесі депутаттардың жауапкершілігін арттырады. Бұның барлығы қоғам үшін де



саяси мәдениеттің жаңғыруына жол бастайды, — деді мәслихат хатшысы.

Актив отырысында облыстық мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда журналист мәртебесін көтеру, медиаөнімдердің сапалық құрамына талдау жасау жұмыстарын жетілдіру бағытында ұсынысын ортаға салды.

— Жолдауда «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы. Мәселен, біз әлі күнге дейін ресейлік ақпараттық экспансияның ықпалындамыз. Бір гана мысал, Украинадағы жағдай туралы АҚШ, Қытай ақпарат көздері не таратып жатқанын білмейміз. Шын мәнінде, алыс-жақын мемлекеттердің біз туралы не айтты, не ойлайтыны белгісіз. Егер еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі мен идеологиялық дербестігі БАҚ-қа тікелей байланысты десек, онда бірқатар мәселелерге назар аударуға тура келеді, — деді Аманжол Сақыпұлы. Сондай-ақ, ұлт мүддесі үшін жұмылдырылған істе бұқаралық ақпарат құралдарының орасан зор күшке ие екеніне баса назар аударды. Қазіргі қоғамның фейбукшылар мен блогерлерді ажырата алмай қалғанын да ашық айтты.

Шын мәнінде біздің қоғам фейбукшылар мен блогерлерді ажырата алмайды. Блогер дегеніміз кім? Блог дегеніміз желі журналы, не оқиға күнделігі, не онлайн күнделік деген мағына беретінін ескерсек, блогер күнделікті жүргізушілер, желі жетекшілері деген сөз. Әлеуметтік желінің ішінде фейбук кеңінен танымал бола бастаған кезде блог та, блогер де түсініксіз болып кетті. Өйткені әлеуметтік желі қолданушыларының бәрін блогер деуге келмейді. Желі қолданушыларының көздейтіні тапсырыс орындау, бопсалау екенін, дәстүрлі баспасөзді өздеріне бәсеке көретінін, интернетті қолдану тәртібі мен этикасын сақтай бермейтінін де ескеру қажет. Алдағы уақытта қабылданатын заңда қоғамды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істемеу, көлеңкелі қаламақы үшін саяси топтарды дінни ағымдардың астыртын тартысына қатыспау және бұл үшін жауапкершілікке тартылу, әлеуметтік желіде белсенді, өзін азаматтық журналистиканың қатысушыларымыз деп санайтын барлық



желі қолданушыларына да орнықты ұстаным керек. Қоғамдық диалогтың біртұтас моделін және ералуандығын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артпаса кемімейтіні анық.

— Жаңа заңда екі бірдей бөлім қосылады деген сенімдемеміз. Оның бірі — журналисттің әлеуметтік мәртебесі, екіншісі қаламақы төлеу мәселесін реттеу. Жасыратыны жоқ, бүгінде журналистер мемлекеттік қызмет не бюджет қызметкері, не басқалай да әлеуметтік санатқа кірмейді. Ешқандай әлеуметтік категорияға жатпайтындықтан олардың баспана алу мәселесі де әлі күнге дейін шешіліп жатқан жоқ. Қаламақы дегенде біз өткеннен нені пайымдаймыз? Бір кітаптың қаламақысына ауылынан бір мектеп салдырған жерлесіміз, жазушы Қалмахан Әбдіқалықовтың мысалы сөзімізге дәйек болады. Қаламгерлер еңбегі құрметтелген уақытта қазакта мықты шығармашылық нелері қаймақтай қалқып шықты. Өйткені шынайы шығармашылық бағаланды. Біз осындай өткен үрдістен сабақ алуға тиістіміз, — деді А.Оңғарбаев. Сондай-ақ, қабылданатын БАҚ туралы заңда журналисттің этикалық-құқықтық нормаларымен қатар оның жеке басын, отбасы мүшелерін қорғайтын бап болуы керектігін ұсыныс білдірді. Кәсіби журналистер үшін жауап беруіне асықпайтын құзырлы органдардың интернеттегі имидж үшін ұстайтын мамандарының әлеуметтік желіде көтерілген қандай да бір мәселеге баянғы бірер минуттың ішінде жауап беріп, бөйек болып жатуы ақпараттық алауашылық тудыратынын да жасырмады.

Жиын барысында «Dalatex» ЖШС директоры Дінмұхамед Абызов мемлекет пен бизнес, мемлекет пен



халық арасында конструктивті диалог орнатудың оңтайлы әдістеріне көңіл бөлудің қажеттілігіне тоқталды. Ал, неміс этномәдени бірлестігінің белсендісі Светлана Крюгер өңір дамуына тың серпін беретін бастамаларды бірлікпен атқаруға әрбір азаматтың белсенділігі керек екендігін тілге тиек етті.

— Мен неміс ұлтының өкілімін. Жанерке, Жанася есімді екі қыздың анасымын. Менің отбасым үшін Тауелсіз Қазақстаннан басқа Отан жоқ. Сондықтан ұрпағымның болашағы жарқын болғанын қалаймын. Ең бастысы, біз халықтың бірлігі мен елдің тауелсіздігін көздің қарашығындай сақтауымыз керек, — деді ол.

Мұнан соң, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жантос Базартай жастар үшін нақты іске негізделген жобаларды елмен етене араласуға сеп болатын аяларда талқылаудың маңызы зор екенін жеткізді.

— Бүгінгі жас буынның көзқарасы айқын, білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты қалыптасу үстіндегі азаматтар. Қазіргі жастардың креативті ұсыныстарын, жаңа, тың жобаларын белсенді жүзеге асырсақ біз бірнеше есе қарқынды еңбек етіп, нәтижеге жете аламыз, — деді ол.

Актив отырысының соңында облыс әкімі Жолдауда жүктелген міндеттерді сарапшылық ортада талқылап, сындарлы диалог орнатуға шақырды. Сондай-ақ, Президент тапсырмаларын сапалы әрі нәтижелі жүзеге асыруда әрбір азаматтың жауапкершілігі Жаңа Қазақстанның жаңғыруға жол ашатынын еске салды.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

700 түп ағаш егілді

Жанару айын жақсылыққа балаған қызылордалықтар өткен сенбіде «Денсаулық және демалыс» саябағында көшет отырғызып, «Бірге Таза Қазақстан» экологиялық акциясына үн қосты. Наурыз мерекесі аясында өткен іс-шараға зиялы қауым, түрлі сала қызметкерлері, белсенді жастар мен еріктілер қатысты.

Саябақ ішінде терек, қарағаш, үйеңкі сынды 700 түп ағаш егілді. Игі бастамаға қолдау білдірген облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова көпшен бірге көшет отырғызды. Аймақ басшысы әрбір тұрғын тазалықты өз ауласынан бастап, қала аумағын жасыл желекпен көмкеруге үлес қосыуы тиіс екенін айтып, сырбойлықтарға жанару айында бақ-береке тіледі. Сондай-ақ, экоакцияға үлес қосқан жастармен пікірлесіп, ақжарма тілегін арнады.

Тазалыққа үндейтін экологиялық акция әрі қарай жалғасын тауып, өңірді жасыл желекке айналдыру үшін түрлі деңгейдегі сенбіліктерге ұласады.

«СБ» ақпарат



Ғылымға құштарлық — лайықты таңдау

Наурыз мерекесі қарсаңында балалардың игілігіне бағытталған заманауи кабинеттердің ашылу рәсіміне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, дарынды және өнертапқыш оқушылармен пікірлесіп.

Аймақ басшысы мектеп-лицейінде жүзеге асырылып жатқан жаңа жобаларды көріп, мектеп оқушыларының жаратылыстану бағытындағы зерттеу жұмыстарымен танысты. Білім, өнер және спорт саласы бойынша республикалық, халықаралық байқауларда жеңімпаз атанып жүрген дарынды оқушылармен кездесіп, оларды ата-ана үмітін ақтап, елге, Отанға адал қызмет етуге шақырды. Сонымен қатар, естелік сый ретінде таңдаулы кітаптар топтамасын табыс етті.

Расында, мектеп-лицейде ашылған обсерватория кабинеті оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Бұл кабинетте жұмыс істеу оқушының ізденіс мен құштарлығын арттырады. Басты ерекшелігі — мұнда жайлы әрі қауіпсіз. Заманауи техникалардың жетістігін кеңінен пайдалануға мүмкіндік бар. Камераларды онлайн басқару функциясы жұмыс істейді. Сондай-ақ, жоғары байланыспен қамтылған интернет жүйесі арқылы құрылғыларды ұялы телефонмен де басқаруға болады. Алғашқы кезекте оқушылар жерге жақын аспан денелерін зерттеуді қолға алған. Білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымованың айтуынша, алдағы уақытта бұл орталыққа аймақтағы мектеп оқушыларын әкеліп, жаналықтармен таныстырып, тәжірибе алмасу жоспарланып отыр.

Жаратылыстану бағытында жабдықталған кабинеттерде оқушылар туған жер төсіндегі жануарлар мен өсімдіктерді зерттеу жұмыстарын қолға алған. Бұдан бөлек, киностудияда өнерге құштар оқушылар шығармашылықпен еңбек етіп жатыр. Алдағы Женіс мерекесіне орай олар «Анаға апарар жол» фильмінен үзінді түсіруге кіріскен. Ал ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға арналған емдік-денешынықтыру кабинеті бүгінгі таңда 90 балаға қызмет көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтып өттік, білім ошағы 2020-2021 оқу жылының қорытындысымен «Үздік орта білім беру ұйымы» атанып, облыс әкімі тағайындаған 34 млн теңге грантты жеңіп алған еді. Міне, осы қаражат мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасын нығайтып, білім сапасын көтеруге бағытталды.

Өткен жылы мектеп-лицей Жапон елінің «Шөп тамыры» бағдарламасы аясында балалар тасымалы үшін өз жобасын ұсынып, грант иегері атанған еді. Бұған байланысты 2022 жылы 18 ақпанда мектеп-лицей ұжымы жобаға қатысты барлық құжаттарды өткізіп, 28 млн теңгенің грантына ие болды. Бүгінде балалар тасымалы үшін ПА3-32025 көлігі алынды, екінші автокөлік алдағы уақытта алынады.

Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейі 2010 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарлама аясында пайдалануға берілген болатын. Мектеп-лицейі жаратылыстану — математикалық бағытта білім береді. Бүгінгі күні білім ошағында 3803 оқушы бар.

1-бет

САПАР

Жауапты сәтте жұмыла білген абзал

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың аудандарға жұмыс сапары жалғасуда. Аймақ басшысы Шиели ауданында болып тұрғындармен кездесті.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Еңбекші ауылындағы кездесуде елді мекенге газ тарту, жайылымдық жер, канал арналарын тазарту мәселелеріне жете мән берілді. Сондай-ақ, бірқатар шаруа қожалығының иелері пай алу жолдары, жем-шөп жеткізу, егін егу ісіне қатысты өз ойларын жеткізді.

Облыс әкімі аймақты газбен қамту көрсеткіші 67 процентке жеткенін, бұған дейін аудандағы Керделі, Шеген Қоламанов, Шиели кенті мен Байтерек, Жаңатұрмыс, Бидайкөл, Байсын ауылдары табиғи газға қосылғанын тілге тиек етіп, кезең-кезеңімен өзге де ауылдарға баратынын айтты. Сондай-ақ, биыл Алғабас пен Ақмая ауылдарына газ жүргізу жұмыстары аяқталмақ. Ал көктемгі егіс кезеңінде су тапшылығы жағдайын ескере келе Шиели ауданына 15 насос қондырғысы алынып, 32 ұңғыма қазу ісі жүргізілетін болады.

Елді мекендерді аралау барысында облыс басшысы Шиелиде егін егу және мал басын аман сақтау мәселесіне қатысты өзекті ұсыныстарды арнайы жиында талқылады. Аудан әкімі Нариман Мақұлбеков азық-түлік қорын көбейту және өнім импортын

азайту мақсатында биыл күтілетін су тапшылығы салдарынан дөңді дақылдар үлесін 2731 гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын 310 гектарға ұлғайтуды көздеп отырғанын, тамшылатып суғару әдісімен 150 гектар жерді пайдалану жоспарланғанын жеткізді. Сондай-ақ, техникаларды даярлау, мал басын көбейту жұмыстарына қатысты негізгі мәселелерді ортаға салды.

Мұнан соң сала мамандары өз баяндамалары арқылы шаруаларға егінге қажетті судың болжамды көлемі, көлдер жүйесін суландыру, егін етуге дайындық барысын тілге тиек етті.

Бүгінде ауданға қарасты 48 канал бар, оның 28-і облыстың коммуналдық меншігіне қайтарылған. Аталған каналдарды тазалау жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Егінге қажетті суды үйлестіру үшін бытыр 57,6 млн теңгеге 6 насос қондырғысы сатып алынған. Биыл 15 насос қондырғысы елді мекендерді қажетті аяқсумен қамтуға септігін тигізбек.

Өңір басшысы еткен еңбек еш кетпес үшін нақты іс-шара жоспарын қабылдап, жағдайға байланысты

әрекет ету керектігін айтты.

— Су тапшылығы биыл да байқалады. Осыған байланысты нақты әрекетке көшесек, тыңайтқыштар мен себілген тұқым зая кетуі мүмкін. Мал азығына қажетті қонышка егу мәселесіне де мән берген дұрыс. Қазір аудан әкімдігі мен шаруалар тиімділік жағын бірлесіп саралауы керек. Кімге мал азығы қажет, қай шаруашылық тиімді бағада азықты сата алатынын нақты жоспарын белгілеуі тиіс. Ал күрші көлемін қысқарту жөнінде айдын аяғына дейін белгіленген лимитті қарап, су беру кестесін құру керек. Мәселен, бытыр осы уақытта «Көксарайда» 2 млрд текше метрге жуық су болды. Ал биыл ондай су көлемі жиналмау қаупі бар, — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ «Төңкеріс-К», «Бестам елі», «Алтын дән-Шиели» шаруа қожалығының өкілдері өз ұсыныстарын жеткізді.

Өз кезегінде облыс әкімі биылғы су деңгейінің төмен түскенін ескеріп, шекті мөлшердегі лимитке қарай әрекет ету, төрт түлік малға қажетті жем-шөпті уақытылы жеткізу және егіс барысында суды аз қажет ететін өнімдерге мән беру қажеттігін еске салды. Сондай-ақ, ветеринар мамандардың ауыл-ауылдарды аралап, көмек көрсету және субсидия беру мәселесінде заңдылықты түсіндіру керек екендігін ескертті.

Әрі қарай аймақ басшысы Телікөл ауылдық округіне барып, күрделі жөндеуден өтіп жатқан көпір тұсында

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты халыққа арнаған Жолдауынан ой тую үшін қоғам қайраткері, ҚҒА академигі, техника ғылымдарының докторы Қылышбай Алдабергеновты Бисеновпен сөйлескен едік.



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ҚАДАМ

– Қылышбай Алдабергеновты, кешегі өткен қаралы қаңтардан кейін халық раясында қаңтарылып қалды. «Жаңа Қазақстан құрамы» деген сөзге жұбана қоймады. Президенттің осы Жолдауынан зор үміт күткені де шын. Сол үміт ақталмайды. Халықтың қуанығын көріп отырмыз. Сіз не айтасыз? – Қаңтар оқиғасынан соң мен іштей рухани дағдарыста жүрдім. Сол күндерден көп өтпей елордаға ұшып бардым. Ұшақ төмендеген тұста әсем астанамыз көз алдыма жайнап жатты. Көліктері жосылған қала емес, тіршілік тамырынан рух ағындаған қазақтың жүрегі секілді сезілді. Осы әсемдікті, осы бейбіт күнімізді бұзбақшы болған кім деген ойым бойымды дел-сал қылды.

Сондай-ақ, облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санайтынын айтты. Мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім беретін не керісінше келісім бермейтінін білдіретін. «Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз», – деп нақтылады Президент.

– Үш облыс ашу, әсіресе, Президенттің Қапшағайға Қонаев атын беруге ықылас танытуы туралы қандай ойласыз?

– Бұл шешім елдің әлеуметтік жағдайын ғана емес, ұлттың рухын да көтерді. Алматы облысының орталығы Талдықорғанда тұрғанда тұрғындар көп кедергіге тап келді. Бір ғана мысал, Каскелеңнен Талдықорғанға барып-қайтудың қиындығының өзі қандай еді.

Ал, халқымыздың ұлы перзенті Абай рухы асқақтап тұрған Семей қаласы даму сатысынан сырылып қалғандай болған. Кезінде Жезказған, Семей облыстары экономикалық дағдарыс желеуімен жабылып қалған. Бұл халықтың әлеуметтік әлеуетін тежеді. Президент осы тарихи әділетсіздікті түзетіп берді. Соны шешімнің жаңа Қазақстанның дамуына ықпалды әсер ететінін сөзсіз. Осы күні бүкіл Семей жұртшылығы, қала жастары көк жалауды желбірте ұстап, Абай облысының құрылатынына қуанып ұрандатып, жақсылықты жар сала қарсы алып жатыр.

Сонымен бірге, қазақ халқының тағдырын шешуге тікелей қатысы бар Ұлытау атуаның жоғарғы мәртебе иеленуі де ел енесін көтеріп, көңілін серпіді.

Дінмұхаммед Қонаев елімізді басқарған жылдары қырық шақты қала өмірге келді. Оңдирісіміз өрге басты. Ғылым академиясын басқарды. Жан-жақты даму үдерісінде болды. Қазақстан басқа республикалардың алдында жүрді. Ұлт перзентінің бұл еңбегі елеусіз қалды. Лайықты бағасын ала алмаған тұлға еді. Көптен ауызша айтылып келе жатқан осы жайтқа Жолдау арқылы жол ашылды.

– Жолдауда айтылмай қалған да мәселелер бар деп санамайсыз ба?

– Президенттің барынша байсалды да, байыпты сөздерінің астарын ұғу қажет. Жаңа Қазақстанды қалай құрамыз, сол бағытты сызып көрсеткендей түсіндіріп берді. Президент өз шешімдерін халықтың пікіріне сүйеніп отыра айтатынын алға тарту арқылы халық үніне құлақ асатын Үкімет, ықпалды Парламент жұмысын жандандыруға аса мән берді. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы Ұлттық қор құруды ұсынды. Бұл жаңа ұйым ұлттық дамуымыздың кепілі болу керек. Міне, осының бәрін іске асыру міндеті тұрғанда айтылмай қалған мәселе іздеп отыру орынсыз.

Президент әр сөзін байсалды, парасатты қалыппен жеткізді. Халықтың бүгінгі бақытын көру мақсатын биік санады. Осыны дұрыс ұғымыз керек. Қазақ «көш жүре келе түзеледі» дейді. Көш жолға түсті, қадірлі қауым!

Сұхбаттасқан Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС

Саяси тұрақтылық – дамуымыздың діңгегі

«Достық үйінде» облыстық ішкі саясат басқармасының кеңейтілген мәжілісі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай және облыс ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен белсенділері, волонтерлар, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары қатысты.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»



далды. Алдағы уақытта жаңа талап бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Өңірде азаматтық қоғам институттарының жұмысына өз деңгейінде мән беріліп келеді. Өңірде 1193 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Азаматтық қоғам институттарының біріктіретін үкіметтік емес ұйымдар альянсы ассоциациясы жұмыс жасайды.

Облыста 14-29 жас аралығындағы жастар саны – 176300. Оның ішінде 73180 адам қаланың үлесінде, 103120-ы ауылдағы жастар. Өткен жылдың төртінші тоқсанында жастар арасындағы жұмыссыздық 4 процентті құрады. Өңірде жастар саясатын жүзеге асыруға мүдделі органдардың атқаратын қызметін жүйелендіріп, облыстық «Сыр жастары» кешендік бағдарламасын әзірлеуге мән беріліп отыр. Бұл бағдарлама аясында жұмыспен қамту, бәсіпанамен қамтамасыз ету секілді ауқымды бастамалар мен жобаларды жүзеге асыру көзделген.

– Былтыр ішкі саясат саласында үлкен өзгерістер орын алды. Құрылымның құрамы өзгеріп, жұмыс істеу шеңбері артты. Жаңа функциялар беріліп, жастармен жұмыс жасау және Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы және этносаралық қатынастар бөлімдері ашылып, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстар бөлімдері біріктірілді. Атап айтқанда, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» және

«Қоғамдық келісім» мекемелері басқарманың құрылымына еніп, «Рухани жаңғыру орталығы» коммуналдық мекеме ретінде қайта құрылды, – деді басқарма басшысы Мира Жомартқызы.

Мәжіліс барысында кешегі қаңтар оқиғасы кезінде елдің ауызбірлігі, татулығы арқасында кейбір аудандарда ешқандай келеңсіздікке жол берілген жоқ. Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовтің айтуынша, сол күндерде ауданда бейбіт шеруге шыққан тұрғындармен ақсақалдар, белгілі азаматтар, аудан басшылары ортақ түсіністікке келді. Сондай-ақ, дәл сол уақытта жергілікті тұрғындар және еріктілер күшімен теміржол бойында екі күнге жуық тоқтап тұрған төрт пойыздағы жолаушылар астық тамақ және өзге де қажеттіліктермен қамтамасыз етілді.

Осыған ұқсас жағдай Шиелі ауданында болды. Аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есманов сын сәтте қоғамдық саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жөнінде әңгімелеп берді. Ұлтаралық қатынастарды дамыту мақсатындағы жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ, басқармаға қарасты мекемелер мен ұйымдардың өкілдері мінберде сөз сөйлеп, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Кеңейтілген отырыста халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы

облыстық филиалының төрағасы, «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Аңсаат қазақ тілінің мәртебесін арттыруда ішкі саясат саласының рөлі маңызды екенін атап өтті.

Қалалық «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы Шакизада Әбдікәрімов алдағы уақытта журналистерге жүктелген міндеттерге тоқталды. Қазіргі қоғамдағы өзгерістер бұқаралық ақпарат құралдары алдына нақты талаптар қойды. Қалам иелері ел тынысын көрсетуде жедел, нақты, жан-жақты сараптамалық ақпараттар беруге көңіл бөлуі тиіс. Әдетте, кейбір азаматтар тарапынан медиа саласына бөлінетін тапсырыс аясындағы қаржыға қатысты сын айтылып жатады. Өрине, телеарна мен газеттердегі әрбір өнімді дайындап шығару қомақты шығынды талап етеді. Сондықтан қай кезде де нақты дерек көзі саналатын бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауға көңіл бөлу артық емес.

Жұлын соңында облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған міндеттерді жүзеге асыруда бірлесу қымыс істеуге шақырды.

– Елдің ауызбірлігін сақтау, өңіріміздің дамуы – барлығы өзіміздің қолымызда. Сол себепті осы мақсатқа күш-жігерімізді салып, дұрыс бағытта жүруге назар аударуымыз тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында алға қойылған міндеттер нақтыланды. Бұл бағытта облыста жасалатын жұмыс жоспары сараланып, алдағы уақытта сол мақсатта нақты істер атқарылады. Осы орайда көпшіліктің ой-пікірі ескеріліп, ол жобалардың іске асуына арналған негізгі тетіктер болуы тиіс. Ең бастысы, ел – өзіміздікі, облысты үлкен деңгейде алдығы қатардан көрсету – негізгі міндетіміз. Жалпы, әрбір ауданның, елді мекеннің дамуы деңгейі әртүрлі. Қай істі жүзеге асыру елдің ауызбірлігі, ынтымағына тікелей байланысты, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Ардагерлер кеңесінің алқа мәжілісі

Наурыз мерекесі қарсаңында облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртайдың қатысуымен «Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің алқасы мәжілісі өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Қайрат Ырзақұллы облыстық ардагерлер кеңесі аймағымыздағы жалпыұлттық идея рухында патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу, саяси тұрақтылықты сақтау, карт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бағытында үлкен жұмыстарды үйлестіріп келе жатқанын атап өтті. Ол сондай-ақ Мемлекет басшысы Жолдауындағы жаңа міндеттерге тоқталды.

Мұнан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев 728 бастауыш

ұйымға біріккен 75 мыңға жуық ардагерлердің қоғамдық-саяси шараларға қатысу, әлеуметтік жағдайларды жақсарту, жастар тәрбиесіне атсалысу ісінде көптеген іс-шаралардың ұйымдастырылып келетінін айтты. Бастауыш ардагерлер ұйымдарының қызметін жетілдіру мен олардың белсенділігін арттыру талаптары бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Мәжілісте ардагерлер Ержан Уәйіс, Қазыбай Құдайбергенов Президенттің елдің тұтастығын сақтап қалуда жасаған қадамдарын ерекше бағалады. Облыс ардагерлерінің «Жаңа замандағы жаңа Қазақстан»

бастамасы халықтың түрлі топтарына, оның ішінде жастарға тағылымы мол, ұлттық құндылықтар негізінде тәлім-тәрбие беру мақсатында, жастарды заманауи бағытта тәрбиелеп, қоғамда өз орындарын табуларына бағытталған ұсыныстарын бекітіп, жариялығын қамтамасыз ету және іс-жүзіне асыру барысын ардагерлер ұйымдарында талқылауға жолданды.

Мәжілісте Сырдария аудандық ардагерлер кеңесінің есебі тыңдалды және облыстық ардагерлер кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары таныстырылды. Жастарға патриоттық тәрбие беруді үйлестіру, ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысу, оларға материалдық, медициналық көмек көрсетуіне ықпал жасау, моральдық қолдау көрсету,

қоғамдық жұмыстарға белсене араласуларына мүмкіндік жасау, ардагерлер арасында спорттық-сауықтыру және мәдени-бұқаралық шаралар ұйымдастыру ардагерлер кеңестерінің міндеттері болып қалады.

Алқа мәжілісінде мерейтойына орай облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары К.Ермағамбетоваға облыстық және ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасы мен «Облыстық құрметті ардагері» төсбелгісі табыс етілді.

Сондай-ақ 80 жасқа келіп отырған белгілі акын «Ардагер айнасы» газетінің бас редакторы Махмұтбай Әміреұлына марапаттаулар мен сый-сияпат жасалды.

Облыстық ардагерлер Кеңесінің кезекті алқа мәжілісінде қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Қоғамдық кеңес жұмысы қорытындыланды

Облыстық Қоғамдық кеңестің қазіргі құрамы 2019 жылы жасқалтылып, өзіне жүктелген міндетті атқарып келеді. Қоғамдық кеңес облыстағы өзекті мәселелер талқылап, шешімін табатын диалог алаңына айналды. Облыстық қоғамдық кеңестің үш жылдық жұмысын қорытындылауға арналған жиында оның төрағасы Жибектен Досманбетов осындай пікір білдірді.

Оның айтуынша кеңес құрылған бері 14 отырыс өткізіліп, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты 28 мәселе қаралған. Атап айтқанда, аймақтағы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру, аудандар мен елді мекендерді газбен қамту және сұйытылған отын бағасын реттеу, өңірдегі эпидемиологиялық ахуал, Сырдария өзенінің арнасын қалыптастыру, Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу мүмкіндіктері, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау және басқа да өзекті мәселелер аймақтың дамуына тікелей әсер ететін салалар қамтылды. Нәтижесінде кеңестің күн тәртібінде талқыланған



мәселелер бойынша 43 ұсыныс берілді.

Б.Досманбетов сонымен қатар, кеңес мүшелері белгіленген тақырыптардан бөлек, аудан орталықтарында көшпелі семинарлар өткізіп, қоғамдық қабылдау, мониторинг жұмыстарына да да белсене атсалысқанын жеткізді. Ол сонымен қатар кеңес мүшелеріне осы күнге дейін атқарған жұмыстарына ризашылығын білдіріп, алдағы кезеңде жаңадан құрылатын Қоғамдық кеңестің жұмысына сәттілік тіледі.

Жиынға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елдегі Қоғамдық

кеңестердің жұмысын жетілдіруді тапсырғанын атап өтті. Ендігі кезекте мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру және билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етуде Қоғамдық кеңеске артылар жауапкершілік одан әрі күшейе түсетіні анық.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында қоғамдық кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті барын, елімізде азаматтық белсенділікті жандандыру қажеттігін айтты. Ендігі міндет, соны толығымен жүзеге асыруымыз керек. Алдағы уақытта, жаңа толқын, кеңестің келесі мүшелері Президенттің берген

басымдықтарын жаңаша леппен, жаңа үдеріспен орындайды деп сенемін, – деді кеңес мүшесі Қылышбай Бисенов.

Жиын барысында Қоғамдық кеңес мүшесі, ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Президенттің бастауында қолдау жасап, қазіргі Қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастыратын Ұлттық құрылтай туралы айтты. Билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатынына сенім білдірді.

Кеңес мүшелері кеңестің алдағы жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, ойларын жеткізді.

«СБ» ақпарат

Наурыз

Көктем туа Наурыз келер,

Абай:

Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың Ұлы күні» дейді екен.



Облыстық ішкі саясат басқармасы және басқармаға қарасты орталықтар бірігіп, Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамын атап өтті. Іс-шараны ұйымдастырудағы басты мақсат – өскелең ұрпаққа кешегі өткен халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметпен, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыру.

Ұлт дәстүрі ұлықталған сәт



Мерекелік іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Акмарал Әлназарова мен облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай қатысып, Сыр халқын Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап, тұрғындарға жылы лебізін білдірді.

Іс-шара барысында қазақтың ұлттық құндылықтары өз жалғасын тауып, бүддіріндердің тұсау кесу рәсімі көрсетілді. Ұлттық спорт ойындары – асық ату, арқан тарту, гир көтеруден жарыс ұйымдастырылды. Жеңімпаздар марапатталып, бағалы сыйлықтар табысталды.

Айта кету керек, Наурыз мейрамы 9 күн бойы атап өтеледі. Әрбір күн бір атаулы іс-шараға арналады. Мысалы, 15 наурыз – «Наурыз мейрамы», 16 наурыз – «Наурыз мейірімі» күні болып бекітіліп, 18 наурыз «Наурыз қоржыны» акциясы, «Наурыз шапағаты», «Балаларға базарлық», «Ертегілер елінде» секілді жеткіншектерге арналған салтанатты шаралар, танымдық сабақтар мен кездесулер ұйымдастырылды.

Ал, 20 наурыз көлөнер туындыларын эфирлейтін шеберлер күніне арналды.

«СБ» ақпарат



Жаңа күннің жаршысы

Қай ұлттың тарихына үйлесек те, қайсыбір халықтың әдебиетін оқысақ та ежелгі тарихтан, бұрынғы танымнан сыр шеретін небір ұғымдарды, соны бейнелеуге қолданылған не түрлі сөздерді кездестіреміз. Назар салып, үйле қарасак, сол ұғымдардың мәні бір, мазмұны терең екендігіне көз жеткіземіз. Бұның барлығы ежелгі халықтардың дүниетанымы ұқсас, сенімі бір, әлеуметтік-мәдени құндылықтары ортақ болғандығын көрсетеді. Сондай ұғым-түсініктің бірі – «наурыз» сөзі.

«Наурыз» деген не, мән-мағынасы қандай, ол қалай мереке болды деген сауалдарға жауап іздеп көрейік. Алдымен «наурыз» сөзінің танымдық, мәдени, әлеуметтік мағыналарын айқындап, осы уақытқа дейінгі өзгерістерін қарастырып, бүгінгі заманның контекстіндегі өзектілігіне шолу жасайық.

Көне парсы тілінде нава – жана + рэзанһ – күн, «жана күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но – жана + роуз – күн; мағынасы «жана күн»), яғни, «жана жылды» білдіреді.

Бұл мерекені ежелгі гректер «патри», тәжіктер «гулгардон», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «наварсари», татарлар «нардуган», чуваштар «норисоха» деп атайды.

Қазақ бұл күнді «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп өзінің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық ыңғайына, салт-дәстүріне қарай бата-тілекпен байланыстырады. Ұлыс оң болсын дегендегі «ұлыс» сөзі екі түрлі тұрғыдан түсіндіріліп жүр. Бірінде «ұлыс» – біріккен сөз ретінде қарастырылады. Алғашқы нұсқасы – «ұлыс іс». Қазақ тілінде екі дауысты қатар келгенде біреуі түсіріліп айтылады. Жана жылдың алғашқы күні жасаған жана әрекетін, ұлы ісін оң болсын деген мағынаны білдіреді. Екіншісі, «ұлыс» – түрік, монғол тілдерінде халық, мемлекет деген мағынадағы сөз. Сонда ол халықтың немесе мемлекеттің ұлы мерекесі дегенді білдіреді.

Ал, «ақ мол» болсын деген мал-жаны төлдеп көбейіп, ырыс-несібесі артып, молшылыққа кенелуді аңғартады. Қалай айтса да, түпкі мағынасы айналып келгенде «жана күн» дегенді менейді.

Мерекені тойлау мәселесіне келсек, Наурызды тойлайтын халықтар күнге табыну, отқа табыну, одан Жер-анаға табыну секілді ертедегі көпқұдайлықтың әсерінен қыстан аман-есен шыққанына таубе ету, ауыртпалықтарды еңсеріп, жана бір істі қолға алуды, алдағы күнін жоспарлауды, оны

ерекше атап өтуді көпшілік болып тойлауды әдетке, одан дәстүрге айналдырған. Кейін қаншама ғасырлық дәстүр біртіндеп мәдени құндылыққа айналып кеткен.

Сонымен, Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнгіміз бойынша (наурыздың 22-сі) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Міне, бір сөздің астарында мыңғасырлық сыр бар деген осы шығар, бәлкім...

Атеистік, коммунистік идеология қыспағында болған кеңестік түркі халықтары, оның ішінде қазақтар бұл мерекені тойламақ түгілі атын айтуға да шамасы болмағандығын баршамыз білеміз. Кеңестік идеологиялық саясаттың қатаң жүргізілгені соншалық, бұл мейрамды халық жалдынан шығарып, ұмыттырып та жіберген. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана республикалық деңгейде аталған мейрамды жаңғырту жұмыстары белсенді жүргізіле бастады. Сол жылдардың куәгері ретінде осы Наурыз мерекесі жайлы кейбір есте қалған эпизодтармен бөлісейін.

Басқа ауыл-аймақтар мен қалаларды қайдам, менің бала кезімде біздің Майлытоғай ауылында Наурыз мерекесі үзбей тойланып, аталып өтетін. Ауылдағы үйлері бір-біріне жақын орналасқан көршілер әрқайсысы өз үйлерінде наурызқөже жасап, оны сырлы шелекпен, уәделескен бір үйге әкеліп, үлкен қазанға құятын. Мұндай наурызқөже жиналатын үй ауылдың біз тұратын бөлігінде, көбіне біздің үйі, кейде Жақыман әкеміз бен Мұстап деген жездеміздің үйі болатын. Осындай жақын көршілер дайындап әкеп ортақ қазанға құйылатын наурызқөже мен мерекелік дастархан ауылдың әр бөлігінде бірнешеу болады. Ауыл адамдары сол дастархан мен наурызқөжеден кезекпен дәм татып, өлең айтып, би билеп, кейде ұлттық ойындар ұйымдастырып отыратын. Мұндай мерекелік дастарханға ауылдың үлкен кісілері

көбіне есек мініп келетін. Біз, ауыл балалары, наурызқөжеге тойып алған соң, сол есектерге мініп алып көкпар ойнайтын едік. Балалардың рұқсатсыз мініп кеткеніне ауыл ақсақалдары ренжімейтін, қайта қызықтап, ойынымызды қолпаштап, қостап отыратын. Енді бір топ бала «ләнгі тебу» ойынына кіріссе, одан ересектері қолқұрес, қазақы күрес, аударыспақ сияқты сайыстарға қатысатын. Осындай іс-шаралардың арасында әйелдер күресі де ұйымдастырылып, онда әзілқойлау жеңгелеріміз шынымен бауандардай күрескен болып, жиналған көпшілікті бір үлкен қызыққа батыратын.

Кейін Алматыға оқуға түскенде, Наурыз мерекесінің қалаалы жерлерде тойланбағанын, тіпті мұндай ұлттық сипаттағы мерекелерге ескінің қалдығы ретінде тыйым салынғанын білдік.

Алғаш рет 1989 жылы Алматыда халық ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ағамыздың бастамасымен кеңестік заманда үзіліп қалған Наурыз мерекесінің республикалық көлемде қалалық саябақта тойлануына куә болдық. Кейін оны студенттер қауымы өз университеттерінде атап өтуді дәстүрге айналдырды. Сондай Наурыз мерекесін өзін білім алған қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде біз де жатақхана жанына киізүйі тігіп, арнайы сценариймен оқу тобымыздағы қыз бен жігітті үйлендіріп, беташар рәсімін жасап, концерттік бағдарлама әзірлеп тойлаған едік. Бұл елдік, халықтық мерекені ұлттық сипат беріп атап өтудің, рухани санамызды қайта жаңғыртудың бастауы болатын. Міне, қазір бұл мереке ресми билік тарапынан қолға алынып, мемлекеттік мерекелер тізіміне еніп, арнайы демалыс күні берілді.

Бұл мереке өзге айтулы күндерден бөлек, өйткені 22 наурыз – табиғаттың қайта көктеуі, күллі тіршіліктің оянуы, барлық адамзатқа тән жақсылықтың бастауы, ұлы істердің жоспарлануы мен жүзеге асуы, Ұлыстың Ұлы күні. Олай болса, елімізге, ұлысымызға мереке құтты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын деген тілек айтамын.

Аман МӘДЕЛХАНҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
қауымдастырылған
профессоры,
филология ғылымдарының
кандидаты

1926 жылы Наурыз

Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, татулық пен тазалықтың тұғырын нығайтып, шаттық пен қуанышқа кенелер Ұлық мереке.

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпыхалықтық сүйікті мерекесіне айналды. Көктемнің осы бір әдемі шағында табиғат қайта түлеп қана қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсінігін нығайтатын адам баласының да жан дүниесі жаңғыра түседі. Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, ізгілік пен жақсылықтың мейрамы.

Қазақ халқы Наурыз мерекесін ықылым заманнан бері мерекелеп келеді. Тек Кеңестер өкіметі орнағаннан кейін ежелден келе жатқан бұл мерекені тойлау үзіліп қалды. Тарихқа сәл шегініс жасасақ, Қызылорда қаласы еліміздің астанасы болған тұста, 1926 жылы Наурыз мерекесі кең көлемде аталып өткен екен. Бұл ұлық мерекеге Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Жалау Мыңбаев қатысып, халықты құттықтады. Сонымен қатар, қаланың шығыс жағы Бірқазан елді мекеніне жақын жерде үлкен атжарыс ұйымдастырылғаны тарихи шындық.

Кейін бұл дәстүр ескінің сарқыншағы делініп, атап өтуге тыйым салынды. Соған қарамастан ауыл-аймақтарда Наурыз мерекесі жасырын өткізіліп отырды.

Сәкен СЕРІКБАЕВ,
«Орлеу» БАҰО» АҚ
филиалы облыс бойынша
Кәсіби даму институты
директорының орынбасары,
тарих ғылымдарының
кандидаты

Ұлыс күні қазан толса, сол жылы ақ мол болар

«Сыр медиа» ЖШС ұжымының Ұлыстың Ұлы күнін берекелі дастархан жайып, үлкендерін құрметтеп, кішілерге жол көрсетіп күтіп алатын дәстүрі үзілген емес. Биыл да серіктестікке қарасты редакциялар мерекені сән-салтанатпен тойлады.

Алдымен ғимарат маңына тазалық жұмыстары жүргізілді. Көктем жанару мен гүлдену кезі болғандықтан әлемге әлемлік пен сұлулықты та ала келеді. Күн көзі күлімдеп, көк шыға бастағаннан-ақ,

мерекені күтіп алуға қамданған қаламгерлер қураған ағаштарды өртеп, арықтарды тазартты. Тал-теректі қырқып, ағаш түбін әктеді, жас қошет отырғызды. Жаңа жылдан жақсы үміт күтетіндіктен, тір-

шілік қайта тіріліп, жандансын деп тілек айтты.

Аулаға қазан асылып, Наурыз мейрамының басты тағамы – наурызқөже әзірленді. Жеті түрлі дәмнен, «ақ мол болсын» деп ырымдап, молшылықтың, тоқшылықтың, сәттіліктің, байлықтың, бақ пен берекенің белгісі саналатын дәмдер қосылып жасалған ұлыс күнінің асынан үлкен-кіші түгел ауыз тиді.

Дастархан басына жинал-

ған қаламгер қауымын облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев құттықтады. «Ұлыс күні қазан толса, сол жылы ақ мол болар, үлкен кісіден бата алса, сонда олжалы жыл болар» деген бар емес пе? Мерекеді ардагер журналистер Қайырбек Мырзахметұлы, Еркін Әбіл, Жұматәлі Әбдіраман ұжым мүшелерін Ұлыстың Ұлы

күнімен құттықтап тілек айтып, бата берді.

Бұл күні әсем ән шырқалып, көңіл көтеретін іс-шаралар да ұйымдастырылды. Қаламгерлер бір-біріне «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, қайда барса да жол болсын. Ұлыс береке берсін, бәле-жала жерге енсін!» деп тілек айтты.

«СБ» ақпарат



Жұлменен Тұл тенеңер

Жер әлемге шығанды шаш, Наурыз!

Әлемді тарының қауызына сыйғызған коронавирус кеселі екі жыл бұрын дәл Наурыз қарсаңында пандемия деп жарияланып, мереке бұрынғыдай сән-салтанатпен тойланбай қалды. Былтыр да эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыздығынан көптеген іс-шараларды онлайн өткізуге тура келді. Биыл Ұлыстың Ұлы күні жақындағанда індеттің беті қайтқаны туралы жақсы хабар тарап, ұлық мереке бүкілхалықтық сипатын қайта тапты. Баяғы мамыражай калыппен Абай айтқандай «ойдағы ел қырдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» тойлайтын күннің туғанына үлкендер шүкірлік айтып, жастар жағы кызу дайындыққа кірісті.

Мерекеге санаулы күндер қалғанда Президент халыққа Жолдауын арнап, оның мән-маңызы айрықша, арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейтінін, ауқымы кең, мазмұны да бөлек екеніне тоқталды. Тарихи әділдікті қалпына келтіріп, Семей аймағында Абай облысын құрып, ұлылар дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртты. Алша арыстарының басын

қосқан Семейдің мәртебесін асқақтатты. Оған қоса бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құрып, бұл аймақта дербес облыстың болуы экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім екенін айтты. «Кең-байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуаты, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз» деп атап өтті.

Алматы облысының екіге бөлініп, Жетісу және Алматы облыстары болып аталуын жұртшылық тек әкімшілік-аумақтық өзгеріс ретінде ғана қабылдап жатқан жоқ. Жаңа облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында терең мән бар. Президент ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларды ұрпақ санасында жаңғыра

беретінін айтты. Алматы облысының жаңа орталығы болған Қапшағай қаласына халқымыздың біртуар перзенті Дінмұхамед Қонаевтың есімін беруге бүкіл ел қолдау білдірді.

Қазақша жыл санау бойынша Барыс жылы есімімізден еніп, төрімізге озды. Өткен ғасырдағы қазақ тарихындағы Барыс жылдарының жылнамасына көз жүгіртсек, небір алмағайып кезеңдер өтіпті, 1914, 1926, 1938, 1950, 1962, 1974, 1986 жылдар желісіндегі оқиғалардың қай-қайсысы да ізсіз кетпепті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі 1998 және 2010 Барыс жылдары да – елеулі кезең.


Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқанын мәлімдеп, 2010 жылдың 10 мамырынан бастап 21 наурызды «Халықаралық Наурыз күні» деп белгіледі.

Ал UNESCO 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Пандемиядан бұрын Наурыз мейрамын атап өтудің тұжырымдамасын жасау туралы талқылаулар көп болды. Орталық алаңға киіз үй тігіп, дастархан жаю мерекені тойлаудың басты мақсаты еместігін этнографтар да, режиссерлер де айтты. Наурыз – Жаратқанның бұйрығымен жана құтқа кенелу сәті болғандықтан, әр қазақ үшін мерекелердің мерекесі. Жалпыхалықтық болғандықтан оны жұрттың бәріне бірдей, тіпті, ұлты мен тегіне қарамастан жатырқамай, қабылдайтындей етіп өткізу ұсынылды. Осындай ой-пікірлерден түйгеніміз – Наурыз жылдан-жылға адамды рухани жағынан байытатын, басын біртүгелігімен мерекесі.

Бірлік пен еңбектің мерекесі құтты болсын! Табиғат-ананың түрленген шағындағы, тіршілік бастауындағы той тағлымға толы болғай!

Наурыз



Мағжан Жұмабаев:
Қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы. Бұл мейрамды дұрыстап өткізу керек. Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл адамдарын тап-жігімен ұйымдастыратын мейрам ету керек.

Баланың бесігі – кең дүниенің есігі

Бесік – атадан балаға жалғасып келе жатқан киелі мүлік. Жаңа ғасырда баланы ұйықтатуға жиналмалы бесік, электронды бесік, қозғалмалы манеж қолданысқа енді. Содан болар Сыр елінде ағашты жонып, бесік жасайтын шеберлер саусақпен санарлық. Алтын қолды шеберлердің бірі – Айтбай Қожамбетов. Құнды жәдігерді жаңғыртқан ұстаны шеберханасына арнайы іздеп бардық.

Сb Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»



Үйінің алдындағы ұстаханасы толған ағаш. Құрал-сайманның түр-түрі бар. Қабырғаларындағы сөрелерде жартылай аяқталған ағаш бұйымдары, қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген дүниелер толып тұр. Бесіктің ағашын қайың мен қарағайдан тандап алады. Оны алдымен арнайы станокта жонады. Кептіруге біршама уақыт кетеді. Ағашты жонып, экологиялық таза бесік жасайды.

Ағаш шебері «Сыр жиназы» мекемесінде ұзақ жыл істеген. Онда Ахметжан Самұратов есімді ағаш ұстасының шәкірті болып, бесік істеуді үйреніпті. Шебер біраз уақыт жиһаз жасаумен айналысып, бесік ісінен қол үзіп қалғанын айтады. Жаңа туған балалар талбесікте тәрбелісін деп, бесік ісін қайта қолға алыпты. Мақсаты – киелі мүліктің жоғалмауына үлес қосу.

Ағаштан түрлі бұйымдар жасаймын. Әйтсе де маған бесік жасаған қатты ұнайды. Жаныма жақын іс. Біршама уақыт тоқтатып қойған едім. Қайта қолға алдым. Себебі бүгінде кейбір жас аналар балаларын бесікке салғысы келмейді. Халқымыз бір үйдің балаларын бір бесікке бөлеген. Ондағы мақсат ұрпақ жалғастығы үзілмесін деп ырымдаған. Бірінші баланікін кейінгіге сактап қойған. Әсіресе баланың бір жасқа дейінгі күтімінде аса қажет бұйым. Бесікте жатқан баланың

ұйқысы тыныш болады. Жылы әрі таза жатады, – дейді ол.

Ұлттық бұйым ұмыт қалмас үшін қасына Ораз есімді шәкірт алып, тәрбиелеуде. Ол қарағайдан жасауды тез меңгеріп алыпты. Ұлымыздың ұлылығын паш ететін оялы бесікке сұраныс едәуір артауда. Бір айда 40 бесік дайындайды. Облыс халқына жетуі үшін базарға жөнелтіп отыр. Айтбай ұстаның бесіктерін арнайы іздеп келетіндер де бар. Шеберлер де үздіксіз ізденістен жалықпақ емес. Әйтсе де оның көне нұсқасын сақтап қалған жөн екенін айтады шебер.

– Заманға сай түрі де көбейіп кетті. Дегенмен ата-бабамыз қолданған талбесіктің жөні бөлек. Ағашты жонып жасаған соң болтпен бекітпейміз. Көзді қызықтырып түрлі түске де сырланбайды. Бабаларымыз бесікті жасағанда балаға жайлы болуын ескерген. Қолданылмайтын бесіктерді де арнайы қабылдайтын орын қажет. Көнерген бесік пайдалануға жарамас далаға тастауды шығарыпты. Бұл дегеніміз – барып тұрған сорақылық, – деді Айтбай Қойшыбайұлы.

Шебердің сөзінің жаны бар. Төле би «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» деген. Замана көші алға жылжыса да, қасиетті бесігімізді көште қалдырмайық.

Суреттерді түсірген
Н.НҮРЖАУБАЙ



1-бет

Наурыздың қазақтың дәстүр-салтын есіне түсіретін этнографиялық тойға айналып кеткені рас. Әркім өзінің есінде қалғанын, білгенін істеп жүр. Біреулер келін түсіру ырымын жасайды, біреулер баланың тұсаукесерін өткізеді деген сияқты. Наурыз – жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам есебінде тойланбай келеді.

Менің ойымша Наурыз біздің ұлттық жаңғыруымыздың, ұлт құндылықтарына көзқарасымыздың, ұлтжандылығымыздың көрсеткіші. Мен бұл жерде бір адамды, немесе халықты кіналайын деп отырған жоқпын. Шамасы Ресей отаршылдығы, Совет үкіметінің қырып-жою саясаты қазақтың рухын, өзіндік санасын осындай деңгейге жеткізген. Ұлттық жаңғыру ауыр жүріп жатыр. Қазақ этнографиясын білетін ғалымдарды үкіметтің пайдалануы да кем болып тұр. Нағыз ғалымдар отыратын жерді «атаңнан мал қалмасын, тал қалсын» деп өтірік мақал ойлап тапқыш қулар билеп алған. Қазақ бірінен бірі амандық сұрағанда «мал-жаның аман ба?» дейтін халық. Атадан қалған малдан «жоқ, маған тал керек» деп безген қазақтың моласын көргем жоқ.

Осы уақ мисал өз тарихымызды, өз этнографиямызды білмейтінімізді көрсетеді. Сонда да Наурыздың енді ұмытылмайтынына сенемін. Наурыз түбінде Қазақстанның ең басты мейрамына айналатыны сөзсіз.

Егер қазақтың байырғы дәстүрлеріне келсек, Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қызықты деректер бар екенін айтқан жөн. «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» дейді шежіреші: «Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» деп.

Қазақтың «Наурыздың келгенін жандыда балық біледі, жансызда Самарқанның көк тасы біледі» деген сөзінің шешімі осы. «Самарқанның көк тасы» Мәуреннахр өлкесінде хан тағына иелік жасаймын деген патшаларды ақ кигізбен көтергеннен кейін, әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті тас. Қазақтың хандарының ішінен бұл тасқа Тәуекел отырған.

Қайта жаңғырту қалай болтау?



Наурыз туғанда хандар мен сұлтандар тұтқындарға кешірім жасайды, зынданда отырғандарды босатады, құлдар азаттық алады, сол себепті «Самарқанның көк тасы жібі» делінеді.

Біз бүгінгі күні Наурыз

мейрамының бұрынғы салтын қайта жаңғырта алмай жүрміз ғой, кезінде Түркістандағы алтын тақта отырған қазақтың хандары қолданған керсен толы суға балық жіберу, Наурыз тұсында ұсақ қылмыс жасаған адамдарға кешірім

жасау, т.б. дәстүрлерді неге пайдаланбасқа?!

Түркістанда бәзбір ағайындар Наурыз тойында қарнайларын тартып, даңғырларын ұрып қаланы азан-қазан қылады. Олар – қазақтың отырқышы қонсысы, саудасын, өнеркәсібін жүргізетін субэтникалық топ. Олардың ішінде көшке ере алмай отырқышы тұрмысқа көшкен қазақ көп, қазақтың ішінде саудмен келіп кейін қаласына қайта алмай қалғандар көп. Ертеде Әзіреті Сұлтан мешіті ішіндегі құжырларды мекен қылған қаптаған дуаналар әлем-жәлем киініп, аса таяқтарын салдыратып тойдың қызығына олар да қосылады. Нағыз карнавал деуге келеді. Қызық думан кезінде жастар қазақтың мүшел деген он екі жылдық есебіне сәйкес кеб киіп шығады. «Кеб» қазіргі маска деп жүргеніміз, яғни бет-жүзін жасырып киіп алатын жасанды түр. Қозы Көрпештің Баян сұлу ауылына келгенде Тазшанын кебін киетінін есіңізге алыңыз. «Маска-шоудың» орнына бәріміз он екі мүшелдің бейнесінен костюм жасап, кеб киіп «Наурыз-шоу» неге өткізбеске?! Наурыз келгенде он екі жылға ие болған жануардың біреуі таққа мініді, біреуі тақтан түседі, өзгелері де орнынан бір-бір саты жылжиды. Наурыз тойында шығырды алып келіп алаңның ортасына орнатып он екі жылға ие болған жануарлардың кеб-маскасын киген адамдардың бәрін сол шығырға отырғызады. Осының бәрі үлкен карнавалға айналады. Әрине, той мереке өзінен-өзі басталып, әнші-күйшілер ортаға шығып жаз бен қыстың айтыстарын жасайды, бишілер тойды қыздырып жатады.

Наурызда арнайы наурызнама жасап құрбы-құрдас, бастас-сыйлас азаматтар бір-бірінің ауылына барады. Наурызнама жасап арнайы келген адамға деген құрмет шексіз болады. Дәулеті жеткендері «тоғыз» деп тоғыз мал байлайды, орта шаруалар ат мінгізіп, шапан кигізіп жатады. Әйтеуір Наурызнама жасап келген адам құр қол қайтпау керек, тіпті бір көйлектік деп мата береді.

Қазақ – қызықшыл халық. Наурыз мейрамы күндері қызды-қыздымен, жігіт-желеннің ұйымдастыруымен қызықты іс-шаралар өтіп жатады. Даланың бала сияқты аңғалақ халқы әр әлемі кимыл, әр маңызды сөзге бола той-мереке жасайды. Осының бәрі елді көңілдендіріп, бәрін де мез-мейрам етеді, қыстың ызғары той мерекемен естен шығады, қыстың шығыны, қиындығы ұмытылады. Наурыз мейрамы осы үшін керек. Қазіргі күні Наурыз мейрамы заманға бейімделуі қажет-ақ. Ол үшін жастарға ұнамды болуы, яғни жастар іліп алып кететіндей дүниелерді ұсынуымыз керек.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
тарихшы

ӘСКЕРБЕК РАХЫМБЕКҰЛЫ – 80



Әскербек Рахымбекұлы 1942 жылғы 22 наурызда Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылында туған. «Сырдария» газетінде, облыстық телерадио комитетінде, облыстық партия комитетінде, облыстық «Сыр бойы» газетінде қызмет атқарды. Оның «Тұсаукесер», «Сырдария әуендері», «Тұлпар туралы дастан», «Ғашық жүрек», «Айдынынан айрылған Аралым-ай», «Алтын Арай», «Тұлпарлар тағдыры», басқа да жыр кітаптары жарық көрді. «Сырдария кітапханасы» атты 200 томдық кітаптар сериясы редакторының бірі болды. Руханияттың алып бәйтерегідей қаламгері болғанда бүгін 80 жасқа толар еді. Ойы терең, сөзі сұңғыла ақынды мерейтойына орай еске алып, жыр жинақтарына енген бірнеше өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ЖАУҒАР ЖАРЫҒЫ ЖАН ТҮКШІРІНЕ ТҮСЕДІ

Есімі Сыр еліне сыйлы абзал азаматтың бірі Қазақстанның құрметті журналисі, қабырғалы қаламгер, ақиық ақын Әскербек Рахымбекұлы еді. Кеше ғана қара тұтып, алдымызға салып жүрген аяулы ағамыз бүгін ортамызда жоқ. Жаратқан бізді жақсылардың артына қалдырып, еске ала жүрсін деген шығар...

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Ә.Рахымбекұлы 1942 жылы 22 наурызда Сырдария ауданының Қоғалыкөл ауылында өмірге келген. Қызылорда педагогика институтының филология факультетін және Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітірген. Аудандық «Сырдария» газетінде, облыстық телерадио, облыстық партия комитетінде қызмет еткен. 1970 жылы облыстық «Ленин жолы» газетіне келген. Сол газеттен өмірінің соңғы күніне дейін қол үзген жоқ. Бұл газет – бүгінгі «Сыр бойы». Айтпақшы, осы газеттің 1929 жылғы төл атын қайтарып алуына да Әсағанның тікелей әсері болды.

1991 жылдың 24 қыркүйегінде «Ленин жолы» газетінің паспорттындағы күн көсемнің есімі тарих күресіне тасталып, халық оның ежелгі «Сыр бойы» атауымен қауышты. Бұл кезде газеттің бас редакторы Әскербек Рахымбекұлы еді. Мен бұлардың бәрін газет тарихынан білемін. Ал, 1993 жылдың тамыз айынан бері менің өмірім де осы газетпен өріле сабақтасып келеді. Біз институт бітірген жылы қоғамда үлкен-үлкен өзгерістер болды. Соның бірі институт бітіргендер бұрынғыдай қолына жолдам алып, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу жеңілдігінен айырылды. Өйткені, өмірге нарық заңдылықтары ене бастады. Өндіріс орындары тоқырап, мекемелердегі еңбек ырғағы бүзылды, шаруашылықтар шатқаяқтап қалды. Барлық жерде қысқару жүріп жатты. Осының салдарынан жас мамандарға да сұраныс болмады. Біз де соның бірі едік.

Бір күні «Сыр бойы» газетінен шақырту келді. Бардым. Бас редактор Әскербек Рахымбекұлы мені жұмысқа қабылдады. Бірақ, қолыма қызмет тимеді, корректор болдым. Редакцияда қызметкерлер саны көп екен. Көбі үлкен кісілер. Ол кездегі корректорлық жұмыс өте қиын болатын. Газет таралымы 41 мыңнан асатын, аптасына бес рет «Линотип» деп аталатын құрылғымен басылды. Қағазға жазуды қорғасын әріптерге май жағып түсіреді. Үсті-басымыз қап-қара болып жүреді. Жұмыстан түн жарымын аударып қайтамыз, кейде кабинетке қонып қаламыз. Сөйтіп, жүргенімде облыстық Тіл басқармасы қызметке шақырды. Мен редактордың алдына арызыммен бірге бір паракқа өлең жазып қалдырдым да, сол жаққа кеттім. Сол өлеңде мынадай жолдар бар:

Корректорлық ұштайды екен, Ұнайтыны сол, аға-ау. Бес әріпі ұқсайды екен, Редактор болам-ау. Өзімше өкпемді айтқандым. Соған қарамастан, бір-екі күн өткесін сол өлеңім газет бетінде жарқ ете қалды. Сөйтсем, менің дипломыма тұрарлық қызмет алғаным Әскердің өзі де қуаныпты. 1996 жылы «Сыр бойына» қайтып келдім. Бұл кезде Әсаған редактордың орынбасары еді. Сол күннен бастап біз Әсағанмен біте қайнасып кеттік. Талай өнер тойларына барғанда жанында жапалақтай болып еріп жүретінмін. Сол кезде мүшәйралар көп болатын. Үнемі орын аламын. Әсекең мені құттықтап, қуанып қалады. Ақындығыма да алдымен баға берген осы кісі еді. Мақтанғаным болмасын, «Мен бәйгемді бергім жоқ, озам десең озып кет» деп маған арнап өлең де жазды, Әсаған. Махмұтбай аға, Айжарық аға, Әсаған үшеуі айырылмайтын. Үшеуі қосылса, мен де сол жерден табыла қаламын. Бармасам іздейді. Еркелеп жүргенім болмаса, бұл кісілердің беделі мен құрметінің қасында біз бетегедей-ақ едік. Алматы, Астана жақтан Фариза Оңғарсынова, Тұманбай Молдағалиев, Сейсен Мұқтарұлы, Иранбек Оразбаев секілді ақындар келсе, осы кісілерді іздейді. Ағаларымның арқасында қазақтың талай игі жақсыларымен тұз-дәмдес болдым. Әсағанның мінезі қарапайым, жұмсақ болатын. Не айтқысы келсе де, емеурінмен ғана түсіндіретін. Әр нәрсеге мән бере бермейді. Өлдебір оғаш жағдай болса: «Аға, айттып-айтып тастасам ба екен?», – деймін ақыл сұрап. «Жүрегіңе салмақ түсіріп қайтесін», – деп күледі. Сол сөзінен бойына жылылық тарайды, ашуың басылып қалады. 2010 жылы қыркүйек айында «Сыр медиа» директорының бұйрығымен облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары болып тағайындалдым. Жұмысымын алғашқы күндерінде Әсаған барып, ақыл-кеңесіңізді айтыңыз дедім. «Жүріс-тұрысыңмен үлгі бол, қалған жұмыс өзі жүреді», – деді Әсаған. Өйт, бұйғ деп үйрету айтпады. Ол кісі кемшілігінді көруге жоқ еді, ал, жетістігіне марқайып отырады. Солай болғасын, оның алдында өзін де бойынды тұзу ұстайсың. Әсаған өте еңбеккер жан. Қай кезде үлгеретінін қайдам, бірінің артынан бірі жыр жинақтарын шығарып жатады. Соңғы жылдары «Айдынынан айрылған Аралым-ай», «Алтын арай», «Ғұмырдария» атты кітаптары жарық көрді. Өлеңдерінің өрнегі өзгеше. Таңдайында еріп жүре беретін тәттідей. Әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы Бағдат Кәрібозов осыдан он жыл бұрын «Сыр бойы» газетінде «Әскербектің әсемдік әлемі» атты ақын өлеңдерін талдау жасаған мақаласын жа-

риялады. Әсаған шынында көз арбаған бір әлем еді. Онан соң «Тұлпарлар туралы толғаныс» деп аталатын зерттеуі жарық көрді. Мұнда ғалым поэзия пырағының арынын айшықтап көрсетті. Міне, осы екі мақаладан соң мен Әсаған шығармашылығына барған әдебиет тоғаныс кездестірмедім. Ал, Әскербек ақын – әдебиетшілер үшін таптырмас зерттеу, тамаша тақырып. Оның поэзиясы арқылы эстетикалық сұлулықты, адам психологиясындағы жұмбақ иірімдерді адалақ табасыз. Қазіргі қасаңданған өркениет дәуірі материалдық қажеттілікті алға шығарып, адами құндылықтарды артқа ысырып барады. Бізді осы қауіптен құтқаратын рухани қуат поэзияның өн бойында тебіндеп тұр. Оған көз жеткізем десеңіз, Абай, Тұрмағанбет, Бұдабайдан бері Әскербек ақына дейін ақтарып көріңіз. Бұл тізімді мақтаншыпен созуға болады, оған менің құшағыма сыймайтын ақ қағаз керек. Өйткені, қазақ өлеңінің өр болмысы әлем поэзиясының алдыңғы сапында тұрғаны анық. Мұны біз серек көңілмен сезіп, сеніммен айтамыз. Тек оны зерттеп, зерделейтін ұрпақ керек. Әсіресе, Әскербек ақын өлеңіне өзгеше сезіммен қарайтын зерттеушілер қажет, бізге оның жауһар поэзиясын жарқыратып ұстайтын күн туады, әлі.

Ертеректе Әсаған «Жалын» баспасы жабық бәйгесінің екі дүркін жүлдегері болған. Онан басқа атағы жоқ. Ол атак іздемеді де, әйтпесе мемлекеттік сыйлық алатын ақынның бірі Әсаған еді. Ақынның бір ғана «Тұлпарлар туралы дастан» деп аталатын жыр кітабы – осы талғамнан шығатын дүние. Менің Әсаған поэзиясы туралы айтатын шағын сөзім осындай. Әскербек аға 2012 жылдан бастап «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы болып келді. Бұған дейін аз уақыт арамыз алыстап қалғандай болған ағаман қайтадан жақын болды. Жәй басып жұмысқа келе жатады. Бірінші қабатта кабинеті бар. Келді-ау дегенде біз тез басып төменге түсеміз, ол кісімен сәлемдесудің өзі бір ғанибет. Осы жұмысын сегіз жыл атқарды. Енді үйінде жатып демалса да болады ғой деп жанашырлық танытқандар табылды. Денсаулығы жақсы, тек аяғы ауыратын, жүрісі ғана қинайды. Өлгі әңгіме соған қарап шығады. Кең дүниеге сыймай жүретін ақын жаны қуықтай үйде байыз таба ма? Оның жан-дүниесіндегі әсемдік әлемі кіршіксіз күн астында жүруді ғана сүйетін. Бірақ, мұны жұрттың бәрі түсіне бере ме? Ал, серіктестік директоры, Аманжол інісі ақын жанының осы қалтарыстарын терең сезіне білді. Оның осы інілік, ізгілік ісіне көп жұрт разы болды. «Қариялар қашанғы жүрер дейсің?» дегендей, міне, асыл жанның да бұл дүниеден шын дүниеге бет алғанына екі жылдың жүзі аунап барады. Шуақты Наурыз мерекесінде Әсағанды туған күнімен құттықтайтынбыз. Енді дұға бағыштап отырмыз. Мәңгілік мекенің Фирдаус бақшасынан болғай, аға.

Сол дәурен бір-ақ сәтте өтті ағын...

Қыз қуу

Қызған тойға абыржу араласты, Қара басты! Ауыздықпен алысқан Ақтанкер ат Албырт қызды ағындап ала қашты. Ат қойды жұрт тұс-тұстан көтеріле, Жеткені алмақ жүйрікті жетегіне. Алу-далу қыз кетті аласұрып, Еге болу қайда, ойбай, етегіне.

Ақтанкерді сан атты сауамалады, Құламады, Қыз да жан сауғалады. Көпшілік қой, қойсын ба, Тосты ақыры, Ағынды атты жан-жақтан қаумалады.

Мінезді екі Ақтанкер, Бөлек те еді, Жаратпады-ау жануар желөкпені. Тізгініне егелік ете алмайтын Қызға жүйрік мінгізу керек пе еді?!

Көрініп тұр көзіннен қысылғаның, Кеу-кеуге ерме, қарындас, Күшің мәлім. Сені қуған жігіттің түсін халін, Налып тұр ғой жабының құшып жалын.

Қыз қуу бар болсын, Парқы кетті! Қыз ағасы сол тұста артық етті. Шабыс тілеп орнында шырк айналған Ақтанкерді басынан тартып өтті.

Ақылына болайын, Ақылына! Бүйрегіннің бұрғаны-ау жақынына. Айналайын, Ақтанкер, Қор болдың-ау, Ер жігіттің түспей бір тақымына.

Бас киім Болса аман мына ми мен Мына басым, Дүние, өз-өзіңнен құраласың. Осы оймен тіккізіп ем бас киімді, Бас киім болғанда да, жүде, басым.

Жақсы еді жанарынан жайды ұрлайтын, Кісі жоқ киіп шықсам қайрылмайтын. Кей-кейде тесірейген кейбір көздер Басымнан көрген сайын айрылмайтын.

Сол дәурен бір-ақ сәтте өтті ағып, (Ізімді әлдекімдер кетті бағып). Кешкісін бұрышынан бір көшенің Айтулы құлақшының кетті қағып.

Кетті олар жүрегімді жаралай бір, Сол ашу әлі күнге тарамай жүр. Көз алмас құлақшының кейбіреулер, Басымды қайтсін енді, Қарамай жүр.

Жарым бар қара қасы қияқтанған, Үлбіреп ақ жүзінен ұят тамған. Зәрем жоқ соны тонап кете ме деп Құлақшын ұрлайтындар сияқтанған.

Мына бас барым еді, Бағым еді. Жігіт боп топқа түсер шағым еді. Көзіне көп көрінсем базбіреулер

Кіріптар етпес пе екен тағы мені?..

Тұсаукесер

Қара шал елдегі егде қарттың өзі, Қартайып, қаһарының қайтқан кезі. Құданың құдіреті, қалыпты есте, Сол шалдың маған сонда айтқан сөзі.

Женгенге жаңғақ, кәмпит үлестіріп, Деуші еді: – Өскен дұрыс күрес біліп. Баянның бауырында бар баланы Кешкісін қызықтайтын күрестіріп.

Біреуде күш, Біреуде айла басым, Күреспей енді қалай жайланасың?! Сайысуға Қара шал қабақ қақса сайланасың.

Шабытты шағымыз ғой шарқ ұратын, Алыстым қаным қызып, Қарқын атып. Кенеттен шалынысып кеттім құлап, Тобықтан қағар жерде қалтыратып.

– Тоқтағын! Қара бала қапы кетті! Қара шал осы ойды мақұл етті. Түнеріп түрегелдім түсім қашып, Тұстасқа намыс кетті, Ақы кетті.

Қара шал келесі күн жарыстырды, Жазықта жүрек тулап, Жан ышкынды. Алдыға түсіп сонда ағындадым, Мандайға ап таныс төбе, Таныс қырды.

Қалғанда қара шалға бір адым кеп, Тағы да қара басым құладым кеп. Бетімді қара жерге басып сонда, Еңіреп, Ағыл-тегіл жыладым кеп.

Ал содан жыладым кеп, Жыладым кеп. Шал айтты: – Қайда кеткен шыдамың? – деп. Сонан соң мандайымнан сипай берді: – Тұсауың кесілменгі-ау, шырағым! – деп.

Сол күні шалын тұсау ескен еді, Мен жүрдім түсіне алмай ештеңені. Ауылдың қариясы ырым жасап, Кеш демей тұсауымды кескен еді.

Содан ба, Кештеу жидым есімді де, Өзгеден кеш қозғалдым көшімді де. Өмірдегі сияқты өлеңде де Кім білсін, Тұсауым кеш кесілді ме?..

Көп атаздағы келінір

Шілдеде өткен шалының жылын берген-ді, Ерімен бірге қуанышы онын жерге енді. Қазанға қарай қанырап жалғыз қалған соң, Қайтеді енді? Қалаға көшіп келген-ді.

Жалғыздық жаман, «Көтер, – деп шеше, кеудені», – Босатты қызы төрдегі кеңдеу бөлмені. Аспанмен мынау астасып жатқан үйден ол Таңырақп тұрды тірлікке сонау жердегі.

Күйеу мен қызда жұмыс көп, Тірлік жетеді. Күп-күйттай ұлды жетектеп кезек кетеді. Бақшаға соны бермей-ақ қойса болмас па, Кемпірге сеніп қалдыра қойса нетеді?!

Жиһазды бөлме, Жататын бөлме, Асхана. Пейіштің өзі, теңдессіз ғажап баспана. Жасаулы үйде күн ұзын босқа жатады, Жатса да көңілі кетелі-ай мүлде басқаға...

Алдында көздің көлбендеп кейде қыр таны, Сап-салқын самал желінгіп тұрар қырқаны... Ауылдан мұнда келгені кеше емес пе, Апыр-ау, неге осынша алабұртады?!

Бір күні содан, Ансары ауып бір күні, Қолына алды шалынан қалған дүрбіні. Шалғайдан шыққан түгінді шалып қалғанда, Жасаурай берді көз деген мына құрғыры.

Келген-ақ екен, Келген-ақ екен бекерге! Тең болсын қайдан мынау үй атакеңге?! Көктем келсін, Күс болып сонда ұшар-ау, Кім білсін, оған өмірі қалған жетер ме?..

Баласы-ау, шалдың...

Баласы-ау, шалдың, Жатырсың күтіп кісіндей. Келін боп, Сен боп алақаннан мені түсірмейді. Кинайсың келіп: «Қалды-ау, – деп, – шарап ішілмей», Мен болсам далмын мына бір жайды түсінбей.

Өлгелі шешен босағаннан мына өтпей ем, Өкпелей көрме, Кемшілік болды ептеген. Өкене бүгін бергелі сәлем беттеп ем, Төсегі оның төріңнен неге шеттеген?!

Еге еді елге, Алдынан ешкім өтпеген, Кісі еді-ау, пай-пай, таласып жүрген көкпенен. Жатыр ғой терлеп, Терді әкең босқа төкпеген, Ал мұндай шалға қолымыз біздің жетпеген.

Бір қауым елдің арқаға жүгі батқанда, Ұйқысы қашып қонатын атқа ақ таңда. Баласы-ау, шалдың, Шешім қалай шарапты, Сол адам қазір жабырқап, Жасып жатқанда?..

Сырақ па өзі? «Ал, – дейді, – тағдыр қинамай!» Ажалыңнан да айылын жатыр жинамай. Шал кеткен күні сені бір сезім қинар-ау, Астында жердің жарылмай қалған минадай.

Баласы-ау, шалдың, Өтінем, шарап құймашы. Сыйласан мені, Алдымен шалды сыйлашы. Тірлігі бардың дәм-тұзы бітер дейсің бе, Береке жауғыр, Дастарханыңды жинашы...

Осы ғой өмір, Отырсың ойлап, парық қып, Көрлік, шіркін, қояды екен кәріп қып, Ауласай көңілің әкеңнің, Өмірден мына өкісмей кетсін жарықтық.





Әлемдік геосаяси ахуал

Оның тұтыну нарығына әсерін жеңілдету жолдары қандай?

Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті Жолдауын жария етті. Бұл Жолдаудың ерекшелігі, ол негізінен алдағы уақытта елімізде жүргізілетін түбегейлі, тарихымызда бұрын-соңды болып көрмеген саяси реформаларға арналды. Біздің бүгінгі әңгімеміз Жолдаудың кешегі Украинадағы жағдайға байланысты туындаған Үкімет қабылдайтын дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар кешеніне арналды.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Әлем жұртшылығы екі жылға созылған пандемия дағдарысынан айығып, тұтыну нарығында тұрақты жағдай қалыптасқаны сол еді, жайанда тағы бір дүрбелең басталды. Ресей мен Украина арасындағы жанжал ушықты, дұрысы, соғыс басталды. Әлемде АҚШ және Еуроодақ елдері бастаған санкциялар ауқымы артты. Бұл Ресей экономикасын едәуір әлсіретті. Сонымен қатар оның бір экономикалық жүйеде қызмет жасайтын ЕуроАзиялық Одақтағы елдердің экономикасына салқынның тигізгенін атап өткіміз келеді.

Президент бүгінгі геосаяси ахуалдың еліміз тарихында болып көрмеген қаржы-экономикалық қиындыққа әкеліп тіргенін, қатаң санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерде ғана емес, тұтас жайандық экономиканы елеулі шығынға ұшыратқанын атап көрсетті.

Осы орайда Үкіметке кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыру міндеттелді. Ең алдымен ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттігі басты мәселе ретінде айтылды.

Бүгінге дейін жұртшылық Қазақстан Үкіметінің Ұлттық банкпен бірлесіп отырып, дағдарысқа қатысты шаралар кешенін қабылдағанын біледі. Ең алдымен Ұлттық банк базалық мөлшерлемені ұлғайтты. Ол сол сәттен 13,5 процентке өсті. Жай ғана тілмен түсіндіре кетейік, ол әдетте экономикадағы ақшаның құнын қымбаттату үшін жасалады. Бірақ сарапшылардың пайымдауынша, бүгінгі жағдай біршама күрделі. Ендігі жерде халықты несиедендіру көлемі едәуір азаяды. Сонымен бірге несие өтеу құны қымбаттайды. Екінші жағынан мұндай шара банктердің активтерін сақтап қалу үшін жасалады. Осының есебінен халықтың банктердегі теңгедегі депозитінің долларға айналып кетпеуін ынталандыру шаралары жүргізіледі. Қазірдің өзінде Үкімет бюджет есебінен теңге депозиттерін 10 процентке дейін сыйақы беру арқылы ынталандыруға қалам жасады.

Біздің пайымдауымызша, Үкімет мұндай қадамды мүмкіндігіне қарай жасайды. Теңге-доллар қатынасының күнсыздануы бүгінгі уақытта 25-30 процент шамасын құрайды. Оның қаншалықты шекке дейін барып тұрақталатынын әзірге ешкім болжап айта алмайды. Сонымен бірге әлемдегі мұнай, газ, құнды металдар бағасы еселеп өсуде. Тіпті Ресейде халыққа валютамен банкеті алтын құймаларымен сауда жасауға рұқсат берілді. Демек, ақшаның құны әлсіз, оны тек қана осындай жолдармен қамтамасыз етуге болады.

Қазақстан экономикасы қалыптасқан жағдайға байланысты әдеттен тыс шараларды қабылдауға мәжбүр болды. Ұлттық банктің мәліметінше, ендігі жерде теңге мен рубль арасындағы бұрын қалыптасқан 5-6 еселік көрсеткіш басылыққа алынбайтын болды. Теңге енді өз бетінше Ұлттық банк қалыптастырған бағаммен бағаланады.

барлығының құны өсті. Лондон, Нью-Йорк, басқа да біржылдық бағалы заттардың құны қауырт саудаға түсті. Сәл бәсеңсігенмен, бүгінгі таңдағы жағдай осыған ұқсас. Әлемде бұл құбылыстың табиғатын әркім әрқалай түсіндіреді. Жай тілмен айтқанда, ақшаның құны жоғалып барады. Қазақша түсінікке салсаңыз, осыдан екі жыл бұрынғы 100 теңгенің құны қазір сатып алу қабілеті бойынша 50 процентке төмендеген. Әдетте қымбатшылық келетін сора, әлемдегі ауыздықтауға келмейтін инфляция бүгінде дәулеттілердің несібесін молайтып тұр.

Әлемде қанша кедей бар? Жаһандағы 200-ден астам елдің тұрмыс-тіршілігін сараптап көрсек, дәл анығына жету қиын. Жалпы кедейлік пен орта тұрмыстағылардың денгейін өлшеп-пінше әр жерде әртүрлі. Бізде де солай.

Ертеден келетін «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ақ екен» деген сөз бар. Қазақ басынан өткізгенін айтады. Талай ашаршылықты, дүниенің астан-кестенін көріп, бір үзім нанға зар болғанда шындықтан туған ғой. Біз осылай демесек те, жан қиналғанда бағалы бұйымдардың түкке тұрғысыз екенін жақсы білеміз. Үндістанның тәуелсіздігін қорғап, кейін премьер болған Индира Ганди «Аш адамның түсіне нан құдай түрінде енеді» депті. Айта берсеңіз теңеу сөздер толып жатыр. Президент ашық айтқандай, Қазақстанда әзірге кедейлердің үлесі тым тәуір. Бүгінгі геосаяси жағдайдан болған қиындық салмағы алдымен көпшіліктің басына түседі. Жуық арада бұл бағытта Қазақстан билігі тиімді шешімдер қабылдайды деп ойлаймыз. Осы орайда бір мәселені атап өткіміз келеді. Қазақстанда негізгі азық-түлік өнімдерінің барлығы бар. Оның қоры да жеткілікті. Көптеген елдерге қарағанда біздің артықшылығымыз – осы. Шынын айтқанда, халықтың 70 проценті айлықтан айлыққа дейін өмір сүреді.

Теңгенің әлемдік нарықтағы қалыптасқан жағдайға байланысты шектен тыс күнсыздануы әлбетте халықтың тұрмысына қатты әсер етеді. Президент Жолдауда мемлекеттің қатысуымен экспорттық валюта түсімдерін сату көлемін арттыру мәселесін пысықтағанды дұрыс деп тапты. Жер қойнауын пайдаланушы жеке сектордың да өз валюта түсімдерін сатуын күтетінін мәлімдеді. Мемлекет басшысының бүгінгі ұстанымы айқын. Ол нарық пен халықтың мүддесін қорғайтын бақылаушы тетіктерді қолдана отырып, екінші денгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуі тиіс екенін атап көрсетті. Бұл – барлығы үшін міндет. Себебі ел қиналған сәтте мемлекеттің атқарушы билігінен осындай шұғыл шаралар кешенін қабылдауы қажет етеді. Ең бастысы, Мемлекет басшысы алаяқтық әрекеттер ешқашан да қорымыздағы қаржыны орынсыз жаратуға түрткі болмауға тиіс екенін мәлімдеді. Өңіміз бұл жерде Ұлттық қор қаржысы туралы болып отыр.

Бұл дегеніміз не? Түсіндіре кетейік, кешегі күнге дейін 1 долларға шаққанда теңгенің айырбас құны 520 бірлікке жетті. Бұл нарықтық өлшем бе, әлде алыпсатарлық па? Көп-

шілік негізінен осыны түсінбейді. Теңгенің құнын әрі қарай өсірмей сақтап қалу үшін Ұлттық банк наурыз айының басынан 400 млн доллардан астам интервенция жасапты. Бұл туралы жуырда Ұлттық банктің өзі мәлімдеді. Әдбette, қалың жұртшылық үшін бұл – алаңдатарлық факт. Осыған орай Президент Үкіметке, Ұлттық банкке, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шешуші шаралар қабылдау қажеттігін міндеттеді.

Бір алаңдатарлық жағдай бар екенін жасырғымыз келмейді. Соңғы жылдары халықтың тұтынушылық несиеге деген тәбеті тым артты. Президенттен бастап төлем қабілеті жоқ тұрмысы төмен адамдардың несиеін кешіргеніне, Мемлекет басшысының соңғы ескертуіне қарамастан, тұтынушылық несие елімізде еселеп өсе түсті. Тіпті кейбір деректерге сүйенсек, мұның соңы тұтынушылардың жаппай қайтару қабілетін жойып, техникалық сипаттағы дефолт туыруы мүмкін деген қауіпті әңгімелер туғызуда. Басқаша айтқанда, әлемді 2008 жылы дүр сілкіндірген ипотекалық

дағдарысты бүгінгі жағдаймен байланыстыратындар көп.

Барлығы ақшаға, дұрысы несиеге, қарызға сатып алынады. Алтын-күміс, басқаларыңыз да сондай. Бүкіл жүйе әлгі тойымсыз тұтынушылар үшін жұмыс істеп жатыр. Нақты мысал келтірейін. Қаласаңыз, алтын-күмісті қарызға беретін банктер оны жыл үлесіне бөліп тастайды. Уақыт өткенде тұтынушы оның еселенген бағанын төлейді. Мұны жай тілмен айтқанда «рассрочка» дейді. Біз кызылордалықтардың төлеу қабілеті қандай деңгейге жеткенін білмейміз, бірақ проблема республика бойынша ушығып тұр. Қанша айтсақ та, ендігі жерде бұл мәселеге мемлекет тарапынан тыйым салу қажеттігі туындайды.

Өткен жылдың соңында Ұлттық банк төрағасы жұртшылықтың банктер алдындағы қарызы шектен асып бара жатқанын, сондай-ақ оның көлемін азайтудың тетіктерін қарастыруға кірісетінін айтқанда, сарапшылар халықтың несиесіз өмір сүре алмайтынын жеткізіп, дабыл қаққан еді. Демек, халықтың несиеге тәуелділігі Үкіметтің қалауымен емес, жеке басының қажеттілігіне тәуелді болып қалғанын анғартады. Ойланасаңыз, бәлкім әлгі сарапшылар банктердің мүддесін қорғайтын шығар?

2021 жылдың соңына қарай әрбір қазақстандықтың орта есеппен 450 мың теңге көлемінде несиесі бар екені анықталды. Олардың көпшілігі тұтынушылық несие көлемін құрайды. Бізге сабақ болатын шығар, себебі кешегі геосаяси дағдарыстан кейін Қазақстанның бірқатар қалаларында импорттық тауарларды жаппай сатып алу үрдісі байқалған. Сарапшылар пікірінше, адамдар өз қалауын басқара алмайтын деңгейге жетті. Тағы бір есеп былай дейді. Бұл жалпыәлемдік үрдіске тән. Кейбір адамдар әлауқаты неге жететінін бағамдай алмай, несие арқылы қымбат қолікті тізгінедіп, зәулім үйлерде тұрғысы келеді. Мамандардың пайымдауынша, несиелік тәуелділікке әкелетін бірден-бір фактор осында жатыр. Бірақ бүгінгі шындық мына мәселені туындатты. Бүгінгі дағдарыс кешегінің ешқайсысына ұқсамайды. Ол бірнеше жылға созылып, әсіресе әлсіз топтардың тұрмыс жағынан әлсіреуіне әкеп соқтыратын сөзсіз деп ойлаймыз.

Ал Қазақстанның бұл тұрғыда экономикалық әлауқаты тәуір, Үкімет осыған орай тиісті шешімдер қабылдайтынынан үміттенеміз.

Батыс елдерінің Ресейге салған санкциялары бір жағынан өздеріне соққы болып тиюде. Қазірдің өзінде АҚШ-та, Еуропа елдерінде жанармай, газ бағасы, қымбат металдар құны еселеп өсті. Халықтың алғашқы дүмпуі сезіле бастады. Алдағы кезеңде үлкен алаңданышылық күтілуде. Әсіресе қымбатшылықтан әлемнің көптеген елдерінде жоқшылық пен ашық болуы өлден мүмкін деген алаңданышылық бар. Қазақстанда астық мол, азық-түлікке қатысты тапшылық болмайтынын білеміз. Халыққа қажетті азық-түлік тауарларының қоры ұдайы қадағаланып отырылады. Алтын-валюта қоры тығырықтан шығуға әрдайым ықпал жасап келеді. Одан да зорын айтайық, соңғы уақытта Президент қолға алған корпорацияға қарсы шаралар да бюджеттің толыққанды қалыптасуына ықпал жасайды деген сенімдеміз.

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЫЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулының заңнамалық белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Ы.Нұртайға жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Г. Әбдіқалықова**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы **Д.О. Жанабегенова**

2022 жылғы «__» _____ № _____

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер

№	Әкімшілік аумақтық бірлік атауы	Су объектінің атауы	Орналасқан жері (координаты)
1	Шиелі ауданы, Шиелі кенті	«Ақ орда»	44°09'09.3"N 66°44'58.6"E
2	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті	«Қалғандария»	45°01'34.5"N 64°59'05.0"E
3	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті	«Мұратбаев»	45°28'32.3"N 64°04'54.0"E
4	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті	«Қашқан су»	45°59'42.9"N 62°07'24.0"E

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 1 сәуірінен бастап «Бастау-5» ЖШС-нің (БИН: 070740008082) жылжымалы құрамнан өту үшін кірме жолдың өткізгі тарифі 1 вагон/км-ға ҚҚС-сыз 460,90 теңге, түсіріп-төлеу қызметі бойынша тарифі 1 вагон/сағ 339,28 теңге мөлшерде бекітілгенін хабарлайды.

Орынбасар Ділманов

Ішкі істер органдарының ардақты ардагері, отставкадағы полиция полковнигі Ділманов Орынбасар Ділманұлы 65 жасында өмірден озды. Ол 1957 жылы 24 мамырда Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында дүниеге келген.



1995-1997 жылдары Мемлекеттік тергеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасында аға инспектор, бөлім бастығының орынбасары, кезекші бөлімнің бастығы лауазымында қызмет атқарған.

1975-1977 жылдары Кеңестік социалистік республикалар одағының қарулы күштер қатарында азаматтық борышын өтеп келген соң Ішкі істер органдарындағы қызметін Қырғыз кеңестік республикасының ІІМ-нің арнаулы органдары күзету қызметінің милиционері болып бастаған.

1980-1982 жылдары КСРО ІІМ Алматы арнаулы милиция мектебінде оқыған.

1982-1995 жылдары Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде учаскелік инспектор, аға учаскелік инспектор, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бөлімінің бастығы, кезекші бөлімі бастығының көмекшісі лауазымдарында абыроймен қызмет атқарған.

1997-2007 жылдары Қызылорда облысы ішкі істер басқармасының қоғамдық қауіпсіздік басқармасында, штаб басқармасында басты қызметтерде болған. Құрметті демалысы 2007 жылы шыққан.

1982-1995 жылдары Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде учаскелік инспектор, аға учаскелік инспектор, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бөлімінің бастығы, кезекші бөлімі бастығының көмекшісі лауазымдарында абыроймен қызмет атқарған.

Ішкі істер органдарында уақытпен санаспай атқарған еңбегі үшін Орынбасар Ділманұлы ҚР ІІМ-нің ведомстволық белгілерімен, Құрмет грамотасымен, қалалық, облыстық әкімдіктердің мақтау қағаздарымен марапатталған.

Орынбасар Ділманұлының жарқын бейнесі ағайын-туыс, әріптестері мен бауырларының зиялы мәнгі сақталатын болады.

Ағайын-туыстары, бауырлары

Бақұл бол, әріптес!

«Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының «Ауданаралық қаналар жүйесі» өндірістік учаскесінің басшысы Мақұлбеков Әбділла Кемелбекұлы өмірден озды.



Әбділла Кемелбекұлы 1960 жылы Шиелі ауданы, Төңкеріс ауылында дүниеге келген, су шаруашылығы саласында еңбек жолын бастап, осы уақытқа дейін үздіксіз жұмыс атқарып келді.

Жұмыс барысында өзін білікті маман және басшы ретінде көрсете білді. Ұжым қызметкерлерінің арасында сыйлы, жаңадан қызметін бастап келе жатқан жас мамандарға үлгі, тәлімгер болды.

Ендігі жерде біз марқұм абзал жанымыздың Алла қабірін Құран нұрмен нұрландырып, мәңгілік мекенін пейіштен еткен деп тілейміз. Жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады. Қош бол, ардақты әріптес.

«Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының ұжымы

Опера әншісі Майра Мұхамедқызымен кездесті

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова әнші, халықаралық байқаулардың лауреаты Жұмабек Қантарбаевтың «Сыр еліне тағзым» атты ән кеші аясында өңірімізге келген белгілі опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Шымкент опера және балет театрының директоры Майра Мұхамедқызымен кездесті.

Кездесуде өңірлер арасындағы мәдени байланысты арттыру және өнер саласында шығармашылық туындыларды насихаттау бағытында бірлескен жобалар туралы пікірлесті.

Өнер қайраткері бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылық білдіріп, ізгілік пен парасаттылықтың үлгісі атанған «Домалақ ана» образын ашатын жаңа опера туынды-



сын Сыр елінде қою туралы ұсыныс жасады.

Облыс басшысы Майра Мұхамедқызының шығармашылығын аса жоғары бағалайтынын және Қазақстанның алғашқы мәдени астанасы Қызылорда қаласында сахналық өнерді одан әрі дамытуға арналған игі бастамаларды әрқашан қолдайтынын жеткізді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Әсері мол этноауыл

Этноауыл. Қала орталығында орналасыпты. Дария арнасына жақын жерге. Ал ішіне кіргенде көргеніміз, қазақтың киіз үйі. Ақ шаңқан. Үзіктің шетін айналдыра тіккен оюдың әсемдігі бір бөлек. Әдетте бұрынғы билер түсетін үй болмаса да, бәрібір мұнда қазақы иіс сезіледі. Белдеуге байланған жылқының түсі де киіз үйдей. Ақ боз ат бұл жердің сәнін ашып тұр.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Өріректе екі алтыбақан құрылған. Одан берірек қамыспен қоршалған орын тіпті қызық. Садақ ату – көшпелілердің бұрыннан қалыптасқан өнері. Жігіттік пен мергендік сыналар орын этноауыл ішінде бар. Иә, конактар мұнда садақ атып, арқан тартса, әсіресе, балалар жағы атқа мініп, асық ойнауға құмар.

Киіз үй ішінде бұрынғы бабалардың барлық қол туындысы жиылған. Кіргенімізде көргеніміз көп. Кереге тұсқа ілінген ұлттық киімдер, батырдың бес қаруы, дала сал-серілері пайдаланған музыкалық аспаптар. Қой жүнінен басылған текемет, ұсталар соққан кебеже, сандық, жозы, ағаш төсек, ыдыс-аяқтар мен үй шаруасына қажетті дүниелер. Жоғарырақ ілінген қасқыр мен түлкінің терісін де байқайсыз.

Кейінгі уақытта тұрғындар мен облыс орталығына келген меймандардың әдейілеп келетін орны бұл. Этноауыл біздің қалада алғаш рет ашылған. Жоба жетекшісі – облыс қана емес, ел бойынша ұлттық колонер туындыларын дәріптеп жүрген Аида Керімқұлова. 2011 жылы өзі құрған «Сара ка» желі өнеркәсіп орталығы бүгінде бір айда 2000 дана мектеп формасы, 100 дана ұзату қолтегі сынды жекелеген және мемлекеттік тапсырыстарды орындап жүр. Орталықта 30 адам жұмыс істейді. Біз айтып отырған этноауыл да осы жобаның бір бөлігі ретінде қарастырылған.

– Былтыр ғана ашылған этноауылды құрудағы мақсатымыз – қазақы дәстүрімізден қол үзбеу. Біз бұрынғы гимарат ішінде осындай жоба істедік. Одан кейін «Досан» ауылында да болды. Бірақ гимараттың тарлығы әсер етіп, «Досан» ауылындағы арақашықтық та келушілерге қиындық туғызды. Оның үстіне қазақты жылқыдан ажырата алмайсыз. Сондықтан орталықтан жер қарастырып, Қырғызстан және Ресейден араб тұқымды екі жылқы алдырдық. Қазір этноауыл көпшіліктің қызығушылығын тудырып отыр. Тек Наурыз мерекесінде ғана ұлттық киім киіп, қазақ дәстүрін еске алатын біздің қауым енді жыл он екі ай осында өз құндылықтарымызды сезіне алады. Туған күн сынды атаулы күнді өткізіп, достармен бірге киіз үйде тамақтанып, демалуға болады. Өзге қаладан келген қоғамның осында алып келушілер де жетерлік. Тіпті күнделікті күйбең тірліктен қажығанда демалыс ретінде садақ атуға келіп, атпен серуендейтін адамдар бар. Алтыбақан тебетін қыз балалар, асық ойнап асыр салатын кішкентайлар да көп. Біз қазақ болып туғаның үшін қуанатындай ерекше жайлы орын ұйымдастырдық деп нық сеніммен айта аламын, – дейді ол.

Суретті түсірген НҮРБОЛАТ НҮРЖАУБАЙ

Сыр еліне тағзым

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, Шымкент опера және балет театрының әншісі Жұмабек Қантарбаевтың «Сыр еліне тағзым» атты шығармашылық кеші өтті. Концертте Құрманғазыдан бастап, Н.Тілендиев, І.Жақанов, С.Мұхамеджановтың шығармалары және халық әндері шырқалды.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Жұмабек Қантарбаевтың орындауындағы танымал классикалық әндер, опералық ариялар және халық әндері мен композиторлардың әсем туындыларын Тұрмағамбет атындағы ұлт-аспаптар оркестрі сүйемеледі. Оркестрдің бас дирижері «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев.

Кеш тынысты туындыларды Жұмабек Қантарбаевпен бірге кеш конактары ҚР еңбек

сіңірген артисі, опера әншісі Майра Мұхамедқызы мен халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Айдос Иманжаппаров та шырқалды.

Салтанатты кеште қазақ композиторларының әндерімен қатар шетел музыканттарының туындылары да тарту етілді.

Кеш соңында опера әншісі М.Мұхамедқызы әнші Ж.Қантарбаевқа шығарма-



Суретті түсірген НҮРБОЛАТ НҮРЖАУБАЙ

шылық табыс тілеп, өңір жұртшылығына алғыс білдірді. Өнер қайраткері ізгілік пен парасаттылықтың үлгісі атанған «Домалақ ана»

образын ашатын жаңа опера туындысын алғаш болып Сыр елінде сахналамақ Көрермендер өнерпаздарға ыстық ықыластарын жеткізді.

Құдіреті мол қылқалам

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Наурыз мерекесіне орай «Кенеп бетіндегі ұлт дәстүрі» атты көрменің ашылу салтанаты өтті.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Шараға өнер иелері мен студенттер және қала тұрғындары қатысты. Салтанатты шараны облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейібаев ашты.

– Қылқалам өнері өзінің тарихымен, мәңгілік идеясымен, жанрлық әр алуандығымен ерекшеленеді. Бүгінгі өнер иелерінің қайталанбас жұмыстары қала жұртшылығы мен конактарына эстетикалық тұрғыда рухани әсер қалдырады деген үміттеміз, – деді Сапар Әлиасқарұлы.

Көрмеге жергілікті суретшілер А.Дүзелханов, Я.Ағытаев, жас суретші Д.Тойшыбаев және республикалық қылқалам шеберлерінің 30-ға жуық картинасы

қойылды. Бірінші залда төл мерекенің мән-мағынасын сипаттайтын туындылар орналастырылса, екінші залда табиғаттың мың құлпырған бозуын бейнелейтін және тұрмыстық жанрдағы тамаша туындылар ұсынылды. Мереке қарсаңында картиналар арқылы Наурыз мейрамының шығу төркіні, мазмұны мен мәні, халықтың мәдени-рухани өміріндегі орны ерекше сипатта баяндалды.

Балалар мұрасын жалғастырушы, шығармалары шексіз қиял мен сүйіспеншілікке толы өнер иелерінің қайталанбас жұмыстары қала жұртшылығы мен конактарының рухын көтерді.

Көрмені наурыз айының 30-на дейін тамашалауға болады.

Облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаты, халықаралық ақын-жыраулар одағының мүшесі Марат Сүгірбайдың жыр кеші өтті. Қызылорда облыстық филармониясының 50 жылдығы аясында Орнықбай Сұлтановтың даңқты қолбасшы Жанқожа батыр ерлігі баяндалған «Батыр баба» дастанын жырлады.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Жанқожа батырды жырлады



Кеш «Томирис» би ансамблінің қойылымымен ашылды. Дастанды Марат Бердібайұлы бір жарым сағат тапжылмай жырлап, көрермен қауымының құлақ құрышын қандырды. Дәстүрлі өнер дегенде ішкен асын жерге қоятын көрерменнің көңілі толқыды. «Халық үшін намысқа, қазам жетсе, өлгенім» деп Отан үшін жан-

қиярлық танытқан батырдың рухы асқақтаған кеш болды.

– Сырдың елі, жырдың елінде дастан жырлау өнері тыңдарманын таппаса ауыр сын болар еді, ал егер бұл өнер насихатталмаса тіпті қиын ғой. Кеш әдемі өтті. Батыр бабаның ерлігі жырланса, оны Мараттай талант жырласа кештің әсерлі өтуі де сөзсіз еді. Көрермен жырауға шабыт берді, жырау алқалы жұрттың көңілінен шыға білді. Керемет үйлесім. Дәстүрлі өнеріміздің көкжиегі кеңейе берсін! Кешке арнаған уақыт зая кетпеді. Ұлттық өнерге қошемет білдіріп, рухани күш алдық. Ұлттық өнерімізден сусын-дасын, тыңдап үйренсін, сөз қалдыр, тіл қалдыр сезінсін деп балаларын ертіп келген көрермендерге қуандық, – деді облыстық филармония директорының орынбасары Азиза Іздікұлова.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Кольжан» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, бірінші экологиялық порталда бұдан әрі-портал (Ecoportal.kz) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орнында мұнай жинау жүйесі. №241, 242 ұңғымалардан лақтыру желілері» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімін жария талқылаулар арқылы қоғамдық

тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталында қарастырылады.

*** «Кольжан» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, бірінші экологиялық порталда бұдан әрі-портал (Ecoportal.kz) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орнындағы №241, 242 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімін жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталында қарастырылады.

*** «Кольжан» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, бірінші экологиялық порталда бұдан әрі-портал (Ecoportal.kz) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орнындағы №241, 242 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімін жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталында қарастырылады.

242 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімін жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталында қарастырылады.

*** «Кольжан» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, бірінші экологиялық порталда бұдан әрі-портал (Ecoportal.kz) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орнындағы №241, 242 ұңғымаларға кіреберіс жолдар» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімін жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталында қарастырылады.



Газетіміздің келесі саны 26 наурыз, сенбі күні шығады